



ДЕНСАУЛЫҚ

**ЕҢ АЛДЫМЕН
КІМДЕРГЕ
САЛЫНАДЫ?**

5-БЕТТЕ



ТҰЛҒА

**БАРША ТҮРКІНІҢ
ТӨЛ ПЕРЗЕНТІ**

9-БЕТТЕ



ТАҒЫМ

**ЖОЛЫ ЖАРҚЫН
ЖАҚСЫЛЫҚ**

10-БЕТТЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ASTANA



№90-91 (4060) | Сейсенбі | 4 тамыз 2020 жыл

AQSHAMY

» Елорда тұрғындарының саны жыл сайын көбейіп келеді. Халық көбейген сайын елді мекендер кеңейіп, тұрмыстық мәселелер туындайтыны анық. Елордада түйіні тарқатылмаған түйткілді проблемалар қашан, қалай шешіледі? Жуырда қала басшысы Алтай КӨЛГІНОВ жұрты алаңдатқан сауалдарға ашық, толық жауап берді.

Александр Кутриченко



ЕЛОРДА – ОРТА БИЗНЕС ОРДАСЫ

БЮДЖЕТ ТҮСІМІНІҢ ТЕҢ ЖАРТЫСЫ
ОРТА ЖӘНЕ ШАҒЫН БИЗНЕСТЕН ҚҰРАЛАДЫ

4



**COVID-19
ҚАЗАҚСТАНДА**

АУРУ ЖҰҚТЫРҒАНДАР:	92662
ЖАЗЫЛЫП ШЫҚҚАНДАР:	62511
ҚАЙТЫС БОЛҒАНДАР:	793

«ЖАС ОТБАСЫНЫҢ» ШАРАПАТЫ

1 шілдеден бастап Қазақстанда «Жас отбасы» жаңа тұрғын үй бағдарламасы іске қосылды. Бұл туралы «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ басқарма төрайымы Ләззат Ибрагимова хабарлады.

«Шаңырақ көтергеніне үш жыл толмаған жас отбасылар депозит ашып, бірден тұрғын үй құнының 50 пайызын сала алады, сонда ипотека төмендетілген мөлшерлеменен ресімделеді. Бізде негізінен 8,5 пайыз, ал жас отбасылар үшін арнайы 6 пайыз

белгіледік. Сұраныс өте жоғары, бір айда 1,5 мыңға жуық депозит ашылды» деп түсіндірді Л.Ибрагимова.

Құзырлы мекеме басшысы қазір жас отбасын есептеу жасын 3-тен 5 жасқа дейін өсіру мәселесі қарастырылып жатқа-

нын айтады. «Қазір көптеген отбасылар: «Неге 3 жыл? 5 жыл да жас отбасы үшін ұзақ уақыт емес. Бізді де қолдаңыздар» деп жазып жатыр. Біз бұл ұсыныстарды қарастырамыз. «Отбасы» банкінің жетілдірілуі тек қағаз жүзінде ғана емес, іс жүзінде орындалғаны өте маңызды. Біз барлық отбасылар үшін мамандыққа, әлеуметтік мәртебеге қарамастан, тең қолжетімді болғанын қалаймыз» деді ол.



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 491.36 \$ USD/KZT 418 ₸ RUB/KZT 5.69 ¥ CNY/KZT 59.68

www.astana-akshamy.kz

41870223050016

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

БАТЫРДЫҢ ҚАЗАСЫНА КӨҢІЛ АЙТТЫ

» Елбасы даңқты спортшы, Олимпиада чемпионы, Қазақстанның Еңбек Ері Жақсылық Үшкемпіровтің қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

Нұрсұлтан Назарбаев Ж.Үшкемпіровтің өмірдегі әрбір қадамы мен атқарған істері өзінің есіміне сай, жан-жағына тек жақсылық пен ізгіліктің шуағын шашып жүретін, халқымыздың шынайы мақтанышына айналған ұлы перзенттерінің бірі болғанын атап өтті.

«Ол грек-рим күресі бойынша қазаққа алғашқы болып әлемнің ең басты атағын сыйлады. Кәсіпкерлікпен де табысты айналысып, ел экономикасының өркендеуіне лайықты үлесін қоса білді. Қайырымдылық іс-шараларға белсене атсалысып, кәсіпкерлік тәжірибесін өзгелермен бөлісіп, жақсы үлгі мен өнеге көрсетті.

Мен онымен өткізген кездесулерімді әркез ризашылықпен еске аламын. Отандастарымыз да оның есімі мен еңбегін ұмытпайды деп сенемін» делінген жеделхатта.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әлемге танымал даңқты палуан, Олимпиада чемпионы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Қазақстанның Еңбек Ері, белгілі кәсіпкер Жақсылық Әмірәліұлы Үшкемпіровтің дүниеден өтуіне байланысты оның отбасы мен жақындарына көңіл айтып, жеделхат жолдады.

«Жақсылық Әмірәліұлы елімізде спорт саласының кең қанат жаюына атсалысты және жастарға үлгі болды. Өңірлерді өркендету мақсатында спорт кешендерін салып, жас спортшылардың өсіп-жетілуі және ауыл шаруашылығының дамуы жолында қыруар іс атқарды. Еселі еңбегімен, азаматтық қадір-қасиетімен ел ішінде құрметке бөленіп, соңында өшпес із қалдырды.

Марқұмның жаны жәннатта, иманы саламат болсын» делінген жеделхатта.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы танымал қоғам қайраткері, эколог, экономика ғылымдарының докторы Салтанат Темірқұлқызы Рахымбекованың дүниеден өтуіне байланысты марқұмның отбасы мен жақындарына көңіл айтып, жеделхат жолдады.

12 МЛРД ТЕҢГЕГЕ ЖУЫҚТАДЫ

» 2020 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары 2020 жылғы қаңтар-маусым аралығында 986 млрд теңгеге немесе 9,1 пайызға ұлғайып, 11786,5 млрд теңгені құрады. Бұл туралы Ұлттық банк хабарлады.

«2020 жылғы қаңтар-маусым аралығында зейнетақы активтерін инвестициялаудан түсетін «таза» кіріс 543,3 млрд теңгеге, 2020 жылғы 1 шілдеде 4877,0 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Салымшылардың міндетті зейнетақы жарналары бойынша жеке зейнетақы шоттарының саны (зейнетақы жинақтары жоқ ЖЗШ есептегенде) 2020 жылғы 1 шілдеде 10,9 млн

шотты құрады» делінген хабарламада.

2020 жылғы 1 шілдеде БЖЗҚ-ның жиынтық инвестициялық портфелінің негізгі үлесін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары және Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары алады (зейнетақы активтерінің жинақтарының үлесі 41,8 пайыз және 26,9 пайыз).

ҮКІМЕТ КАРАНТИН ШАРАЛАРЫН КҮШЕЙТЕДІ

» Үкімет карантин режимін сақтау жөніндегі шараларды күшейтуге міндетті. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Twitter-дегі парақшасында жазды.



«Бүкіл әлемде пандемия өршіп тұр. Ол Қазақстанды да айналып өтпеді. Индет жүздеген еңбеккер мен зейнеткерді, қарттар мен жастарды, атақты азаматтарымыз бен қарапайым адамдарды арамьздан алып кетіп жатыр. Даңқты палуан, қоғам қайраткері Ж.Үшкемпіровтің қазасы туралы хабарды зор күй-зеліспен қабылдадым. Осы дерттен қайтыс болған азаматтардың қазасы қабырғама батты. Коронавирус пен өкпе қабынуы салдарынан

қайтыс болғандардың саны әлі де жоғары» деп жазды Президент. Сондай-ақ Президент Денсаулық сақтау министрлігі мен барлық медициналық мекемелердің басты міндеті өлім-жітім деңгейін ең төменгі шекке дейін түсіру екендігін атап өтті. «Үкімет азаматтардың карантин режимін сақтау жөніндегі шараларды күшейтуге міндетті. Онсыз пандемияға қарсы күресте жеңіске жету мүмкін емес» деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев.

ИНДЕТ ҚАЙТА ӨРШІСЕ, ҚОСЫМША ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНАДЫ

» Кеше Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой Қазақстандағы карантин шараларының нәтижесі туралы мағлұмат берді. Министр алдымен карантиннің арқасында елде коронавирус жұқтырудың тәуліктік тіркелу жағдайы 2,5 есеге азайғанын мәлім етті.

Ғалым
ҚОЖАБЕКОВ

«Қазір жаздың ортасынан өттік. Көктемдегі қиын жағдайдан кейін елдің шаршағанын бәріміз түсінеміз. Алайда маска режимін сақтау – аса қажетті шара. Халықаралық тәжірибені есепке ала отырып, кеше ғана біз маска тағуға қатысты ережелерге тың өзгерістер енгіздік. Атап айтқанда, бес жасқа дейінгі балаларға, жеке спорттық жаттығу жасап жүрген азаматтарға, жалпы тамақтанатын орындарда тамақ ішу барысында маска тағуға міндеттеме туралы өзгеріс енгізілді. Алайда бұл жағдайларда әлеуметтік қашықтық қатаң сақталуы керек» деді Алексей Цой Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

«Жалпы, бүкіл әлемде күзде және қыста жұқтырылған респираторлы

вирусты инфекция (ЖРВИ), тұмау ауруларының өршіп кететіні белгілі. Енді оларға коронавирус инфекциясы да қосылып отыр. Сол себепті қазіргі уақытта жағдайдың бұлайша өршуіне барынша дайындалып жатырмыз. Тұмауға қарсы жыл сайын жүргізілетін маусымдық вакцинация жоспарланған. Сонымен қатар Денсаулық сақтау министрлігі резервтегі төсек орындарды да дайындап жатыр. ПТР-тесттер бойынша қосымша қор әзірленуде. Қоймаларда дәрі-дәрмек қоры да жиналуда» деді А.Цой.

Сонымен қатар Алексей Цой Қазақстанда коронавирус инфекциясын жұқтырудың жағдайларын тіркеу бойынша жаңа статистикасының артықшылықтарын атап айтты.

«Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропа бойынша аймақтық бюросымен бірқатар техникалық кон-

сультациялар өткізілді. Қазір аурулардың кодтарының жаңа халықаралық жіктелуі бойынша COVID-19 жағдайларын кодтауға және есепке алуға көштік. 1 тамыздан бастап зертханалық расталған COVID-19 жағдайлары, соның ішінде ПТР теріс нәтижесі бар пневмония жағдайлары біріктірілді» деді министр.

Министрдің айтуынша, бұл әдіс ауруға қатысты ахуалды дұрыс болжап-білуге, қажетті ресурстарды, дәрі-дәрмекті дұрыс жоспарлауға, мамандар мен төсек орындарды, медициналық бұйымдарды, жалпы статистиканың ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Брифинг барысында министр Қазақстанда карантин шаралары бірден алынып тасталмайтынын, кезең-кезеңімен жеңілдетілетінін де баса айтты. «Егер ауру тағы да күрт өсіп кетсе, біз қосымша шаралар енгіземіз» деп атап өтті министр.

«КӨКТАЛ» КӨРІКТЕНЕДІ

» Елорда көркінің сұлулығына сән қосатын тағы бір саябақ «Көктал» тұрғын алабы тұрғындарының серуендеп, демалып, спортпен шұғылдануына мүмкіндік беретін болады.

«Нұр-Сұлтан – жайлы қала» жобасы аясында салынып жатқан бұл саябақ үш аймақтан тұрады. Оның ішінде тыныш демалыс аймағы, амфитеатр, футбол, волейбол, баскетбол, теннис, скейтборд және йога алаңдары болады. Саябақ аумағында 8 мың ағаш отырғызу да жоспарланып отыр.

«Тұрғындармен кездесулерде, азаматтарды қабылдау барысында олар саябақтар мен тынымбақтарды абаттандыру мәселесін жиі көтереді. Сондықтан

тұрғындар алабын дамытуға көп көңіл бөлеміз. Қазір қалада 4 ірі дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салып жатырмыз. Бұл бұқаралық спортты дамытып, жастардың денсаулығын нығайтуға көмектесетін болады. Бұл саябақтар тұрғындардың сүйікті орындарының біріне айналуы үшін жұмысты сапалы орындау қажет. Автоматты суару жүйесін ойластыру керек» деп жазды елорда әкімі Алтай Көлгінов әлеуметтік желідегі парақшасында.



» АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

■ АЛМАТЫ

Алматы әкімдігі қала аумағында көлік жүрісін шектеп, велоинфрақұрылымды дамытуға 148 млн теңге бөледі. Мақсат – көліктен бөлінетін зиянды заттардан қаланы сақтау. Зерттеу аумағына Рысқұлов – Шығыс айналма жолы – әл-Фараби – Саин көшелері жатады. Қаладағы қазіргі ахуалға халықаралық тәжірибені ескеру қолға алынады.

■ ШЫМКЕНТ

1-15 тамыз аралығында «Шымкент 2020 – ТМД-ның мәдени астанасы» іс-шаралар жоспарына сәйкес ТМД-ға мүше елдері арасында халық аспаптарында орындаушылардың «Достастық халықтарының музыкасы» атты онлайн-фестивалі өтіп жатыр. Фестивальдің мақсаты – мәдени мұра мен рухани құндылықтарды насихаттау.

■ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

Сыр өңірінде Қазақстан халқы асамблеясы мүшелері мен этномәдени бірлестік өкілдері, еріктілер халыққа көмек көрсетуде белсенділік танытуда. Қайырымдылық шарасы аясында «Славяне», корей, татар және неміс этномәдени бірлестіктерінің белсенділері 18 отбасыға азық-түлік пен дәрі-дәрмек үлестіріп, қайырымдылық көмек көрсетті.

■ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Орал қаласында «Омега» зауыты ауданында көпір пайдалануға берілді. 1978 жылы салынған көпір әлі күнге күрделі жөндеуден өтпеген еді. Кемінде елу жылға, тіпті одан да көп мерзімге шыдайтын көпір құрылысына Ақтөбе, Орал, Қарағанды және басқа қалалардан әкелінген құрылыс материалдары пайдаланылды.

■ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

«Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы мен «Заман трейд» серіктестігі меморандумға қол қойды. Түрік инвесторларының қолдауымен өңірде лифт шығаратын кәсіпорын салынады. Бұл жобаны «Заман трейд» серіктестігі ұсынды. «Ақтөбе» индустриалды аймағынан 1 гектар жер беріледі. Жоспар бойынша Түркиядан 612 миллион теңге инвестиция тартылады.



ДӘРІГЕР ДИДАРЫ – КӨШЕНІҢ АЖАРЫ

» Елорда көшелеріне сән беріп тұрған билбордтар медицина қызметкерлерінің пандемия кезіндегі қажырлы еңбегіне көрсетілген құрметтің белгісіндей болып тұр.

Бүгінгі таңда Нұр-Сұлтан қаласының орталық көшелерінен 40-тан аса дәрігердің суретін көруге болады. Шара бастамашылары дәрігерлерге қажырлы еңбегі мен індетпен күресте көптеген адамның өмірін сақтап

қалғаны үшін осылайша алғыс білдіруді ойластырыпты. Құрметке бөленген дәрігерлер қатарында Раида Тұрсын, Дәурен Молдажанов, Марина Макенко, Ғайса Нұрғалиев, Жазира Нубин және басқалар да бар.

ЖҰМЫС КЕСТЕСІН ӨЗГЕРТТІ

» Нұр-Сұлтан қаласының бас санитарлық дәрігерінің шешімімен елордалық Халыққа қызмет көрсету орталықтарының (ХҚО) жұмыс кестесі өзгерді.

Кешеден бері Нұр-Сұлтан қаласындағы ХҚО-лар қызмет алушыларды жұмыс күндері 09.00-ден 17.00-ге дейін қабылдайтын болды. Ал мамандандырылған ХҚО сенбі күні қосымша 09.00-ден 16.00-ге дейін жұмыс істейді.

Жаңа жұмыс уақытына байланысты ХҚО-ға кезекті 16.30-ға дейін (мамандандырылған ХҚО-ға сенбі күні 15.30-ға дейін) брондау қажет.

Қызмет алушылар ХҚО-ға келуін egov.kz порталындағы арнайы сервис, eGovKzBot2.0 телеграм-боты және 1414 нөмірі арқылы да брондай алады.

КЕЙ КӨШЕДЕ СОЛҒА БҰРЫЛУҒА БОЛМАЙДЫ

» Елордада жолда жүру қозғалысын ұйымдастыру ережесіне кезең-кезеңмен өзгерту енгізілетін болды. Енді көше қиылыстарында солға бұрылуға тыйым салынып, оған балама ретінде кері айналу үшін қауіпсіз кеңістіктер жасалады.



Полиция департаментінің мәліметіне сүйенсек, қозғалыс қауіпсіздігін арттыру үшін бұған дейін ешқандай құрылғымен реттелмей келген 5 учаскенің жаяу жүргіншілер өтпелеріне бағдаршам орнатылған. Тағы 14 осындай өтпелерге бағдаршам қою жоспарланған.

Түнгі уақыттарда жаяу жол алушылардың көру мүмкіндігін жақсарту үшін күре жолдарға жақын маңайлар қосымша жарықтандырылатын болды. Қазіргі кезде бес өтпе тұсына қосымша жарық қосылды. Алдағы күндері басқа өтпелерді де жарықтандыру жоспарланған.

Көлік ағысы кезінде жол қиылыстарында қақтығыстардың ықтималдығын мейлінше азайту мақсатында сол бағытқа бұрылуға тыйым салынды. Сондай-ақ оған балама ретінде кері айналуға қауіпсіз орындары жасақталды. Бағдаршамдардың жұмыс режиміне енгізілген өзгертулер қоғамдық көліктердің қозғалысы маршруттарын ескере отырып жүзеге асырылды. Бұл балама тиісті жол белгілері мен бағдаршамның кері айналу бағыт-



тамасының символы көрсетілген қосымша секция орнату арқылы жасалған. Жол қозғалысын ұйымдастырудың осы схемасын алдағы күндері 7 учаскеге енгізу жоспарланған.

Сондай-ақ, 6 учаскеде жол қиылыстары тұсында автомашиналардың қозғалысын үйлестіру белгілерінің үзік-үзік сызықтары сызылған. Мұндай белгілерді алты және одан көп қозғалыс жолағы бар барлық магистралдық жолдардың қиылысында қолдану жоспарланған.

Негізгі қуат көзінен берілетін электр энергия-

сы өшіп қалған жағдайда, бағдаршамдардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін Қорғалжын тасжолының Бейсекова көшесімен қиылысатын тұсында аккумулятор батареясы орнатылды. Мұндай батареялар қаланың барлық көшелеріне кезең-кезеңмен орналастырылатын болады.

Сонымен қатар, саябақ ауданында және Мәңгілік Ел – Қабанбай батыр – Сауран және Хусейн Бен Талал көшелерінің тоғысында жаңадан салынып жатқан мешіт аумағында жаңа автожол төселеді. Қозғалыс қауіпсіздігін

қамтамасыз ету және көлік құралдарын қоятын орынды анықтау үшін жол құрылысы жұмыстарын жобалауға Полиция департаментінің өкілдері де қатысып, өз ұсыныстарын енгізді.

Жүргізушілерді қала көшелерінде болып жатқан өзгерістермен алдын ала ақпараттандыру үшін жеті жол қиылысы мен жолайрықтардың үстінде көлік қозғалыс бағытын көрсететін жол белгілері ілінді. Қазіргі күні мұндай белгілерді жол қиылыстарында орнату жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр.



ЖАҒАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



ІНДЕТ ЖҰҚТЫРҒАНДАР 18 МИЛЛИОНҒА ЖУЫҚТАДЫ

Джонс Хопкинс институтының мәліметі бойынша әлемде COVID-19 індетін жұқтырғандардың жалпы саны 18 миллионға жуықтады. 685 мыңнан астам адам өлімі тіркелген. Індет Австралия, АҚШ, Оңтүстік Африка мен Үндістанда белсенді түрде таралып жатыр.

Австралияның Виктория штатында инфекцияға шалдыққандар статистикасы күрт артып, төтенше жағдай режимі жарияланды. Мұнда соңғы тәулікте 671 адамның ауру жұқтырғаны расталды. Ресейде өткен жексенбі күні вирус жұқтырудың 5427 жаңа жағдайы тіркелді. Ресей ауру жұқтырғандар саны бойынша әлемде төртінші орында тұр. Латын Америкасы мен Кариб бассейні елдерінде 200 мыңнан астам адам көз жұмған. Оңтүстік Африкада 500 мыңнан астам адам індетке шалдыққан. Үндістанда үшінші күн қатарынан ауру жұқтырғандар саны 50 мыңнан асты. Иранда өткен тәулікте ауру жұқтырған 2685 науқас анықталды. Бұл – бір ай ішіндегі ең жоғары өсім көрсеткіші.



АРАБ ӘЛЕМІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ АТОМ СТАНСАСЫ

Біріккен Араб Әмірліктерінің Абу-Даби әмірлігінде алғашқы атом электр стансасы пайдалануға берілді.

Абу-Даби әмірлігінде пайдалануға берілген «Барак» атом электр стансасы араб өңіріндегі алғашқы, ал әлемдегі отыз үшінші АЭС болып отыр. Ад-Дафра муниципалды аймағында салынған нысан 60 жылға дейін жұмыс істейді. Ядролық отын төрт блоктың алғашқысына сәтті жүктелген. Ядролық қондырғы толығымен пайдалануға берілгеннен кейін, ол жылына 21 млн тоннадан астам көміртегі шығарындыларын жойып, 5,6 гигаваатт электр энергиясын өндіретін болады.



АҚШ ПОЛЬШАҒА ӘСКЕР КІРГІЗДІ

АҚШ пен Польша арасындағы қорғаныс саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімсөздер нәтижесінде Польша еліне қосымша 1000 америкалық әскери қызметкер жіберілетін болды. Бұл жөнінде Пентагон басшысы Марк Эспер мәлім етті.

Бүгінгі таңда Польшада 4,5 мың АҚШ әскери қызмет атқаруда. Пентагон басшысының мәлімдемесінде бұл келісімшарт «НАТО-ны нығайтуға, сонымен қатар Ресей ықпалын тұсауға» септігін тигізеді деп айтылған.



Дайындаған Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Беттегі суреттер Galimtorbayan алынды

■ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Өңірдің бір ауданы қара бидай орағын аяқтаса, алты ауданда бұл науқан соңына жақындаған. Биыл облыста 4 млн-нан астам гектар жерге дәнді дақыл егілсе, оның 5 мың гектардан астамы – күздік және қара бидай. Бір апта бұрын өңірде егін орағы басталып, бүгінде күздік дақылдың 2,4 мың тоннасы жинап алынды.

■ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

Ақтаудағы 33-шағын ауданында орналасқан 670 пәтерлі «Аққу-3» тұрғын үйінің құрылысы жыл соңына дейін аяқталады деп жоспарлануда. Нысан «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында қолға алынған. Бұдан бөлек, 19А шағын ауданында 576 пәтерлі 7 тұрғын үй салынып жатыр. Оның ішінде жалпы ауданы 7847,32 шаршы метрді құрайтын №37 жер учаскесіндегі 2 тұрғын үй тамыз айында пайдалануға берілмек.

■ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Жергілікті кәсіпкерлер ауруханаларға қауіпті індетке шалдыққан науқастарды емдеуге қажетті медициналық құрал-жабдықтарды алуға көмек көрсетіп жатыр. Шардара ауданы кәсіпкерлері орталық ауруханаға 17 оттегі концентраттарын жеткізіп берді. Қазіргі кезде аталған емдеу мекемесінде барлығы 20 оттегі аппараты бар. Ал түлкібастық кәсіпкерлер 10 данасын аудандық ауруханаға табыстады.

» Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А. Көлгінов жуырда «Azattyq ruhy» ақпараттық порталына сұхбат беріп, шаһардағы түйткілді мәселелердің шешімін ашық айтты. Бүгін сол сұхбатты ықшамдап жариялап отырмыз.

Алтай КӨЛГІНОВ:

ӨЗ ЖҰМЫСЫМА СЫН КӨЗБЕН ҚАРАЙМЫН

ҮЛЕСКЕР МӘСЕЛЕСІ БІР ЖЫЛДА ШЕШІЛМЕЙДІ

– Бас қаладағы үлескерлер мәселесі қалай шешіледі?

– Мұндай мәселе болмас үшін ең алдымен жауапкершілік, тәртіп керек. Үлескер қалай пайда болды? Мемлекет құрылыс компанияларына сенім білдірді, қолдады. Алайда сенім ақталғаны былай тұрсын, халықты алдап, алаяқтық жасап, түрмеге отырғандар бар. Жартысы қашып кетті. Мәселе мемлекеттік болып қалды. Мәселен, құрылыс тоқтаған 52 тұрғын үй кешені бар. Ол жерде 15 мыңға жуық отбасы далада қалды. Әрине, олар көмек сұрап әкімдікке келеді. Үй салу үшін бірінші жобалық-сметалық құжат жасалады. Одан кейін құрылыс жүргізуге ақша қажет. Кейбір құрылыс компаниялары котлованды қазып, я құжат жоқ, я ақша жоқ, үлескерлердің қаражатын алып, тайып тұрған. Үлескерлер мәселесі бір күнде, бір жылда шешілмейді. Бірақ біз біртіндеп оң шешімін тауып келеміз. 2019 жылы 10 үйді пайдалануға берсек, биыл 20 үйді тапсыруды жоспарлап отырмыз. Қалғандарын 2023 жылға дейін бітіреміз. Карантинге қарамастан, құрылыс жүргізу қиынға соғуда. Себебі біраз құрылысшылар ауырды. Құрылыс материалдарын шығаратын зауыттар, өндіріс орындарының жұмысы баяулады. Барлық материал елімізден шықпайды. Лифт және т. б. шетелден әкеліміз. Осыған қарамастан, биыл 8 мың үлескерге үйінің кілтін береміз.

ГАЗДЫҢ ҚҰНЫ КӨМІРДЕН ҚЫМБАТ

– Елордаға газ тарту мәселесі елді елеңдетіп отыр. Қашаннан бастап қала тұрғындары «көгілдір отынды» тұтынады?

– Бас қалаға газ тарту – Елбасымыздың тарихи жобасы. Қазір «Көктал-1», «Көктал-2» шағын аудандарында қарқынды жұмыс жүргізілуде. Қырқыншы станса-сындағы жұмыс 98 пайызға аяқталды. Сондай-ақ «Силикатный», «Оңтүстік-Шығыс» шағын ауданының оң және сол жағында көше-көшелерге газ жүретін тұрбалар тартып жатырмыз. 1-інші және 2-жылу электр орталықтары жылу беру маусымы басталғанша газбен жұмыс

істеуге көшуі тиіс. Бұл жұмыстар біткенде қаланың экологиясы тазарады. Қысты күндері «Оңтүстік-Шығыс» шағын ауданында, Н.Тілендиев даңғылында ауаны түгін басып тұрады. Ол денсаулыққа зиян әрі көмір жағудың бейнеті зор. Егер толық газға көшсек, оның пайдасы көп: тазалық, денсаулық және бейнеті жойылады. Бірақ газдың құны көмірден қымбат. Бағасы туралы жақында айтамыз. Бүгінге дейін 1 мың шақырымдық магистралдық тұрба тарттық. Әрине, бұған көп қаражат жұмсалды. Енді көшелерге құбыр тартамыз. Мысалы, біз қаладағы 150 көшені жөндеуге кірістік. Соның ішінде 100-і – шеткі аймақтардағы көшелер. 150 ауланың біршамасы шеткі аймақтарда орналасқан.

ӘРБІР ЕЛДІ МЕКЕННІҢ ӨЗ ПРОБЛЕМАСЫ БАР

– Елорданың шеткі аймақтары қалай дамиды?

– Қаладағы шеткі аймақтарда 16 аудан бар, мұның бәрі жеке секторға жатады. Онда 300 мыңға жуық халық тұрады. Бұл – астана халқының төрттен бірі, яғни әрбір төртінші адам шеткі аймақта тұрады деген сөз. Әрбір елді мекеннің өз проблемасы бар. Мысалы, Ильинка немесе Үркерді алайық. Ильинкаға барғанымда тұрғындары: «Бізге сол жағалаудағыдай қашан жарық самаладай жарқырап тұрады? Қашан көшеге аялдама, тротуар салынады? Бізде көріз жүйесі неге тоқтап қалған? Балалар ойнайтын алаң қашан болады?» деген сұрақтар қойды. Соның бәрін жинақтап, біз бір жылдық жоспар жасадық. Көшелерді жөндеуге кірістік. Өткен аптада Ильинкаға бардым. Жоспарымыз бойынша жүзеге асырылып жатқан істерді көрдім. Ең бастысы, жол салынды, электр қуаты тартылды. Балалар ойнайтын екі үлкен алаң салынды. Емханаға көлік бердік. Мектептегі мәселелерді шешумен де айналысып жатырмыз. Көріз жүйесі жөндеуде. Ол жерде жұмыс әлі бітпейді. Себебі халық саны өсіп келеді. Мәселен, жаңа оқу жылы басталғанша үлкен антенна орнатып, ғаламторды жақсартуды жолға қоюымыз керек. Міне, бұл – бір ғана шеткі аймақтың проблемалары. Басқаларының да түйткілді мәселелерін осылай рет-ретімен шешуіміз қажет.

«ЕКІНШІ ВЕНЕЦИЯ» ДЕП АТАУ АРТЫҚ

– Толассыз жаңбыр жауғанда елорда неге «Венецияға» айналады? Бұл мәселе неліктен жылдан-жылға қайталану береді?

– Нұр-Сұлтанды «екінші Венеция» деп атау артық деп ойлаймын. Венецияны көзімен көрген адам айырмашылығын біледі. Мұндай проблема тек бізде ғана емес. Егер толассыз жаңбыр жауса, Лондонда да, Мәскеуде де солай болуы мүмкін. Тіпті кейбір мемлекеттерді су шайып кетеді. Проблема болмас үшін не істеу керек? Біріншіден, жердің астындағы құбырларды кеңейту, тазалау керек. Содан соң жүйелі түрде су ағатын жүйелерді бір-біріне қосқан жөн. Қазір осы жұмыс істелуде. Мысалы, Б.Момышұлы даңғылындағы жоба биыл күзде бітеді. Ол жердегі тұрбаның диаметрі 1 метр болса, соның ішінде 60 пайызы толып қалған. Сондықтан диаметрін 1800 метрге дейін кеңейтіп, темір-бетон тұрбалар орнаттық. Көріз жүйелерін, суды жинақтайтын орындарды да кеңейттік. Екінші бір мәселе – Ж.Тәшенев көшесіндегі су жиналатын қоқыс орны. Көп жылдардан бері көріз жүйесі тазаланбай, иісі де қолқаны атады. Оның үсті де ашық. Қазір осы қоқыс үйлген жердің орнына 43 мың текше метрлік үлкен су жинақтағыш салып жатырмыз. Тұран даңғылының бойында да осындай су жинақтағыш салынады. Негізінен, қаладағы көп су жиналатын жерлердің саны 130-дан асады. Бұл қаланың орналасқан рельефіне де байланысты.

ЕЛОРДА – БЮДЖЕТТІҢ ДОНОРЫ

– «Елорданы еліміздің аймақтары асырап отыр» деген сөз рас па?

– «Бас қаланы аймақтар асырап отыр» деген – қате пікір. Әр өңірдің өз ерекшелігі бар. Мысалы, бір өңірде – өндіріс, екіншісінде – ауыл шаруашылығы, үшіншісінде халыққа қызмет көрсету саласына басымдық беріледі. Елордамыз бірнеше жылдан бері донор болып республикалық бюджетке қаражат «құйып» келеді. Одан бөлек, шағын және орта бизнес өркендеуде. Бас қалада қазір 1 млн 200 мың халық бар. ДЖӨ-нің 55 пайызы – шағын және орта бизнестің бюджетке түсімдері. Яғни салық түсімдерінің жартысынан көбі – кәсіпкерлердің қаражаты деген сөз. Елорданың жылдық бюджеті 600 млрд теңгеден асады. Бюджеттің басым көпшілігі әлеуметтік мәселелерге жұмсалды.

60 МЛРД-ТАН АСА ҚАРАЖАТ ТҮСПЕЙ ҚАЛДЫ

– COVID-19-дың салдарынан Нұр-Сұлтанның қазынасына қанша ақша түспей қалды?

– Индет қала экономикасына кері әсерін тигізді. Алайда Президент дер кезінде жариялаған төтенше жағдай және карантиннің оң ықпалы болғанын жоққа шығара алмаймыз. Төтенше жағдай мен карантиндегі шектеулер шағын және орта бизнестің тіршілігіне де кері әсер етті. Жұмыс орындарын жабуға мәжбүр болдық. Себебі мындаған адам ұжымда жұмыс істейді. Ондайда вирустың таралу қаупі еселене түседі. Сол себептен жұмыс орындарының 75 пайызы уақытша тоқтады. Ол жерде бюджетке түсетін салық

«
Үлескерлер мәселесі бір күнде, бір жылда шешілмейді. Бірақ біз біртіндеп оң шешімін тауып келеміз. 2019 жылы 10 үйді пайдалануға берсек, биыл 20 үйді тапсыруды жоспарлап отырмыз. Қалғандарын 2023 жылға дейін бітіреміз. Карантинге қарамастан, құрылыс жүргізу қиынға соғуда. Себебі біраз құрылысшылар ауырды»

та, өндіретін өнім де, айналымдағы ақша да бар. Толық болжам жасау қиын, себебі ол жылдың соңында белгілі болады. Қазіргі есебіміз бойынша 60 млрд-тан аса қаражат жергілікті бюджетке түспеді. Жоспарымызға өзгеріс енгіздік. Президент жұмыспен қамту картасын қабылдап, соған сәйкес қаражат алдық. Нәтижесінде елордада 15 мыңға жуық жұмыс орындары ашылады.

ИНДЕТТЕН САБАҚ АЛДЫҚ ПА?

– Күзде пандемия тағы күшейсе, бұған дейінгі мәселелер қайталанбай ма? COVID-19-дан сабақ алдық па?

– Индет қалаға, мемлекетке ғана емес, дүние жүзіне сабақ болды. Алпауыт мемлекеттердің өзі үлкен қиыншылықтарға ұрынды. Ауру айтып келмеді. Алайда біз де жедел қимылдадық. Бірінші-

ден, қаладағы медициналық инфрақұрылым жәрдемдесті. Күн сайын тез арада бір аурухана аштық. Алғашында стационарда 3 аурухана болса, науқастар саны көбейгенде екі аптада 16-ға дейін жеткіздік. Күнделікті 500 адамға дейін науқастар түсті. Дәрі-дәрмектерге тапшылық болды. Қала бюджетінен ақша бөліп, 7-8 бортпен тасымалдадық. Қазір дәріханаларда дүрлігу жоқ. Пневмониямен ауырғандар 3,5 есеге, стационарда жатқандар 35 пайызға азайды. Жедел жәрдемге түсетін қоңырау саны 4300-ден 1000-ға түсті. Индетке шалдыққандар саны тәулігіне 500-ден 70-ке дейін қысқарды. Осыдан сабақ алуымыз керек. Қоғамның әр мүшесі жауапкершілік сезінсе екен. Күзде индеттің екінші толқынының қаупі зор. Сол қауіпке дайын болып, тиісті жұмыстарды іске асыруымыз керек.

МЕНІҢ ЖЕКЕ КОМАНДАМ ЖОҚ!

– Сіз кабинетте отырмай, қарапайым халықпен тікелей сөйлескенді қалайтын әкімсіз. Алайда 6 орынбасарыңыз бар екен...

– Әкімдердің жұмысы – халықпен жүздесу, сөзіне құлақ асу. Нұр-Сұлтанға әкім болғаным 1 жылдан асты. Елордада шешілмеген мәселе көп. Басшылықтан бір орынбасар сұрап алдым. Ол үлескерлер мәселесімен айналысады. Өз-өзіме баға беруден аулақпын. Жұмысымыздың бағасын халық береді. Менің жеке командам жоқ! Біз мемлекеттік басқару жүйесінің бір бөлігіміз. Сенген адамның қызметке тағайындайсың, себебі өзің жауап бересің. Өз жұмысыма үнемі сыни көзбен қараймын!

Дайындаған
Төлән ТІЛЕУБАЙ

Дәрігер кеңесі



Әлия КҮСЕМБАЕВА, екінші санатты анестезиолог-реаниматолог.

КОРОНАВИРУСПЕН КҮРЕСТЕ НЕ ПАЙДАЛЫ?

Қазіргі таңда пандемия баршаны әбігерге салып отыр, десек те бұл өткінші, сондықтан індетке мойымай, барынша күресуіміз қажет. Ол үшін қамал алудың қажеті жоқ, санитарлық талаптарға бағынып, иммунитеттің әлсіреуіне жол бермесек болғаны. Індетке іліккендердің көбі иммунитеттің мықтылығының арқасында алғашқы кезеңінде ауруды жеңіп, сауығып кетеді. COVID-19-бен күресте ненің пайдасы мол? «Спирт және арақтың буымен дем алу керек» деген ақпарат рас па? Витаминдерді қабылдаудың реті қалай?

COVID-2019 инфекциясын жұқтырған адаммен жақын байланыссаңыз, қауіпті дертке шалдығыңыз әбден мүмкін. Инфекция ауру жұқтырған адамнан келесі адамға жеткенде не түшкіргенде науқастың мұрнынан, аузынан бөлінетін ұсақ тамшылар арқылы беріледі. Бұл тамшылар кез келген заттарға қонады. Ол заттарды ұстаған адам қолын жұмастан көзіне, мұрнына немесе аузына тигізсе ауруды жұқтырады. Әлеуметтік қашықтықты сақтау керек. Вирусты өлтіру және олардың адамға жұғуына жол бермеу үшін қарапайым дезинфекциялаушы заттарды қолданған абзал. Құнарлы, ақуыздарға, дәрумендерге және минералды заттарға бай тағамдарды тұтынып, иммунитетіңізді нығайтыңыз, салауатты өмір салтын ұстаныңыз.

СУДЫ СҮЙІКТІ СУСЫНҒА АЙНАЛДЫРЫҢЫЗ

Атап айтқанда, витрум, полижен, аскорбин қышқылын дәрігердің рұқсатымен қабылдаса болады. 35 жастан асқан, асқазан-ішек ауруларымен ауырмайтын жандарға кешкі астан кейін 75 мг кардиомагнил іше оң әсерін береді. Ал жүкті әйелдерге прегнавит қабылдаса болады. Балық майының да пайдасы бар. Балалар барынша дұрыс тамақтанып, таза ауада жиі серуендеген жөн. Айта кетерлігі, витаминдердің бірден бірнешеуін ішкен дұрыс емес. Біреуін дәрігердің кеңесімен алып, нұсқаулық бойынша ішу керек. Араға бір ай салып қана келесі түрін қабылдаса болады. Қарақат, таңқурай қосылған шайдың да иммунитетті көтеріп, суық тиюден сақпайтын қасиеті бар. Дегенмен дәл қазіргі уақытта суды ең сүйікті сусынға айналдыру қажет. Жылы, таза ауыз суды міндетті түрде күніне 2 литрге дейін ішу қажет.

ТҰЗДЫ СУДЫҢ ПАЙДАСЫ

Мұрын бітеліп, тамақ жыбырласа, жылы, тұзды сумен күніне 4-5 рет мұрын, ауыз қуысын, тамақты шаюға болады. Тек күйіп қалудан сақтаныңыздар. Ал балалар үшін тұзды суды орнын аквамарис алмастыра алады.

Сондай-ақ мұрын бітелгенде қолданатын арнайы жақпа майлар бар. Оларды күніне 5-6 рет иіскеп тұрса оң әсерін береді. Жақпа майларды мұрынға жаққандауға болмайды, иіскеу жеткілікті.

СПИРТТІ ҚОЛДАНҒАНДА САҚ БОЛҢЫЗ

Қазіргі таңда спирт, арақтың коронавирус, пневмониямен күресте көмегі бар деп ойлайтын тұрғындар көп. Әлеуметтік желілерде «науқастар спирт және арақтың буымен дем алу керек» деген ақпарат таралып жатыр. Ол – жаңсақ пікір, жалған ақпарат. Егер біраз уақыт спиртке малынған беттерде я дәкемен бетті тұмшалайтын болса, ол ауыз қуысы, мұрынға, көру қабілетіне өте зиян. Мұны тұрғындар ескеру қажет.



Сондай-ақ қолды антисептикпен өңдеу барысында қол терісі құрғап кетеді. Ондайда күніне бірнеше рет қолға арналған крем жағып, теріні ылғалдандырған абзал.

ВАКЦИНА

ЕҢ АЛДЫМЕН КІМДЕРГЕ САЛЫНАДЫ?

Пандемия басталғалы әр ел өз вакцинасын жедел түрде жасауға көшті. Өткен аптада ғалымдар коронавирусқа қарсы қазақстандық вакцина сынақтан сәтті өтуде деп сүйінші сұрады. Елімізде қауіпті дерттің бетін қайтаратын вакцинаны жасауды қазіргі таңда бірнеше ғылыми орталықтар жүзеге асырып жатыр.



Райхан РАХМЕТОВА

Атап айтқанда, ҚР ДСМ тарапынан М.Айқымбаев атындағы Аса қауіпті аурулар жөніндегі ұлттық ғылыми орталығы мен Қазақ аграрлық университеті бірлесіп, коронавирустық инфекцияға қарсы вакцина әзірлеуде. Бұл вакцина қазір клиникалық сынақтың бірінші кезеңінен өткізіліп жатыр. Аталған министрліктің Тауарлар және қызмет қауіпсіздігі мен сапасын бақылау комитеті Жұқпалы ауруларды эпидемиологиялық қадағалау басқармасының бас сарапшысы Нұршай Әзімбаеваның айтуынша, вакцинаның қаншалықты тиімді екені сол сынақтар нәтижесінде ғана белгілі болады.

Аталған орталық пен оқу орны бірлесіп, вакцинология жөніндегі халықаралық орталық құрды. Сол орталықта шетелдік әріптестермен бірлесіп жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, олар – нано бөлшектерден алынған технологиямен жұмыс жүргізетін АҚШ-тың Огайо штатының университеті және австралиялық биотехнологиялық компания. Вакцинамен иммундау жөніндегі жаһандық GAVI деген альянс бар. Соның бағдарламасы дүние жүзіндегі барлық елдерді біріктіріп, тиімді және қауіпсіз вакцинамен қамтамасыз етуге бағытталған. Біздің министрлік тарапынан аталған бағдарламаға қатысуға хат жолданды. Енді министрлік елімізде егілуге жататын адамдарды вакцинамен қамтамасыз ету жөнінде жұмысты бастап, екпе салуға жататын контингенттерді анықтауда, – дейді бас сарапшы.

Мамандардың айтуынша, вакцина ең бірінші кезекте КВИ ауыр өтетін топтарға салынады. Яғни тыныс алу, жүрек, қан тамырларынан созылмалы аурулары бар, қант диабетіне шалдыққандар КВИ бойынша қатерлі топқа жататындықтан, олар вакцина салынатындардың алдыңғы легінде.

– Республика бойынша бұдан басқа бүкіл медицина қызметкерлері вакцина жасайтын топқа енгізіліп отыр. Осы топтарға жататын адамдардың жалпы саны – 2 млн шамасында. Қазіргі таңда министрлік тарапынан оларды вакцинациялауға қаражат бөлу, сатып алу мәселелері қарастырылуда, – дейді Нұршай Әзімбаева.

Сарапшы атап кеткен жұмыстардың бірі бойынша алғашқы тәжірибеге қатысушылардың бірі Қайсар Табынов – Қазақстанда коронавирусқа қарсы вакцина салдырған ең алғашқы адам. Ол – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ғалымы әрі проректоры, университет жанындағы халықаралық вакцинология орталығының директоры. Оған австралиялық биотехнологиялық компанияның вакцинасы егіліпті.

– COVAX-19 деп аталатын вакцинаны аталған компания өз елінде өз еркімен келген 40 еріктіге де салды. Мен оны салғыз-бас бұрын денсаулығымды жан-жақты тексертіп, скринингтен өттім. Яғни биохимия, қан гематологиясы, ПТР-тест, ВИЧ-ке, Б, С гепатитіне тексерілдім. Сонымен қатар IgE жалпы аллергиялық антитәннің бар-жоғын қараттым. Қазір өзімді жақсы сезінемін, ешқандай жайсыздық мазаламайды, – дейді ол.

Қайсар Табыновтың айтуынша, вакцинаны өзі бірнеше себептерге байланысты салдырған. Біріншіден, әріптес болып саналатын шетелдік компаниялардың вакцинасын алдағы уақытта елімізде ұсыну үшін қауіпсіздігі мен иммуногендігіне көз жеткізу. Екіншіден, аталған вакцина құрамына кіретін Advax-CpG біздің елімізде аллергиялық ринит және қолқа демікпесін емдеудің жаңа тәсілін жасауға қолданылып жатқандықтан, соның әлеуетін байқау. Үшіншіден, әрине, өзі үшін, вирус жұқтыру қаупі басым кезеңде ағзасының оған қарсы күресін күшейту үшін салдырғанын жеткізді.

Вирусқа қарсы вакцина жасау ҚР БҒМ тарапынан да қолға алынған. Министрлікке қарасты Ғылым комитетінің Жамбыл облысы Отар ауылында орналасқан Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институты вакцина жасауды наурыз айында бастапты. Вакцинаны жасау барысында Алматыда емделген алғашқы науқастардан патологиялық материалдар алынған. Қысқа уақыттың ішінде, яғни 9 мамырда ғалымдар алғашқы вакцинаны жасап шығарыпты. Оны ДДҰ өз сайтында тіркеп, сол күні вакцина жануарларға салынған. Соның нәтижесінде вакцинаның ДДҰ бекіткен барлық параметрлер бойынша талаптарға сәйкес келетіні расталды.

Мамандар жаппай вакцина салдыру уақыттың еншісіндегі



Вакцина ең бірінші кезекте КВИ ауыр өтетін топтарға салынады. Яғни тыныс алу, жүрек, қан тамырларынан созылмалы аурулары бар, қант диабетіне шалдыққандар КВИ бойынша қатерлі топқа жататындықтан, олар вакцина салынатындардың алдыңғы легінде. Республика бойынша бұдан басқа бүкіл медицина қызметкерлері вакцина жасайтын топқа енгізіліп отыр. Осы топтарға жататын адамдардың жалпы саны – 2 млн шамасында. Қазіргі таңда министрлік тарапынан оларды вакцинациялауға қаражат бөлу, сатып алу мәселелері қарастырылуда

мәселе деп отыр. Ал енді бұған халық не дейді? Әзірге қауіпті вирус вакцинасының сынақтық кезеңіне өз қалауымен ерікті болып қатысқан Қайсар сынды жандардың әрекетін, отандық ғалымдардың әлемдік зерттеулерге араласуын қолдап, алғыс білдірушілер де көп. Жалпы, дертке қарсы екпе ісіне күмәнмен қарайтындар да бар. Бірі: «Жақсы болды ғой. Енді бұл дерттен осы вакцина арқылы толық құтылсақ екен. Болашағымыз үшін алаңдамас едік» десе, екіншілері: «Вакцина салды ма, әлде жай витамин салды ма, оны қайдан білеміз? Қытайға да, Австралияға да сенбеймін», «Бұл ауруға қарсы вакцина болмайды. Микробиологиядан хабары бар адам болса, әр ағзада әртүрлі мутацияға ұшырайтын вирусты бұлай өлтіру мүмкін емес екенін жақсы түсінеді» деп пікір білдірген әлеуметтік желілерде.



Биыл елімізде тұрғын үйді басқарудың жаңа формасы – «Бір үй – бір мүлік иелерінің бірлестігі» енгізілді. ПИК-ті (КСК) мүлік иелері бірлестігі (МИБ – ОСИ) алмастыруда. Енді көппәтерлі үйдің тұрғындары МИБ арқылы күрделі жөндеуге қаржы жинап, ақшаның қайда және қалай жұмсалатынын бақылауға мүмкіндік алды. Десе де ПИК 2022 жылдың 1 шілдесіне дейін жұмыс істеуге толықтай құқылы. Жалпы МИБ деген не? Оны құрудың амалдары қандай? ПИК-тен пайдалы ма? Аталмыш сұрақтарға «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» АҚ әдістеме және аймақтық даму департаментінің бастығының орынбасары Марғұлан Абдыкаримов жауап берді.

МҮЛІК ИЕЛЕРІНІҢ БІРЛЕСТІГІ (МИБ) ДЕГЕН НЕ?

Мүлік иелерінің бірлестігі – заңды тұлға ретінде коммерциялық емес болып табылатын ұйым. Ол тұрғындардың өз ішінен құрылады. Тұрғындар жиналысында үш жыл мерзімге көппәтерлі тұрғын үй кеңесі және ревизиялық комиссия сайланады. Сондай-ақ бір жыл мерзімге бірлестік төрағасы белгіленеді. Әрбір тұрғын жеке меншігінде тек пәтері ғана емес, тұрғын үйдегі барлық пәтер иелерімен бірдей ортақ мүліктерінің барлығын білгені дұрыс. Бұл жерде ортақ мүлік дегеніміз – лифт, баспалдақ, кіреберіс, жөндеу, шатыр, инженерлік құрылғы (құбырлар), балалар ойнайтын алаң. Мүлік иелерінің бірлестігін құжат жүзінде мүлік иесі ету қажет. Олар ай сайын қанша тең-

геден жинау керектігін өздері белгілейді. Коммерциялық ұйым болмағандықтан ПИК сияқты тұрғындар жалақысынан мемлекетке салық төлемейді. Жиналған қаржының барлығы дерлік тұрғын үйді жинауға, жөндеуге жұмсалады.



МИБ ПИК-ТЕН ПАЙДАЛЫ МА?

Айта кету керек, пәтер иеленушілер кооперативі 2022 жылдың 1 шілдесіне дейін басқарушы немесе қызмет көрсетуші компаниялар болып қайта құрылуы қажет.

Дайындаған
Фарида **КАРИМОВА**

ПИК

1. Бірнеше үйді басқарады. Кооператив құрамында пәтер иелерінен басқа тұрғын үйге қатысы жоқ тұлғалар болады.
2. Сырттан келген басқару мекемелері тұрғындарға өздерінің қызметін және тарифін белгілейді.
3. Бірнеше үйге бір ғана шот ашылады. Кондоминиум объектін күтіп ұстау үшін арналған қаражатты жұмсаудың ашықтығы болмайды.
4. Басқару мекеменің басшысын орнынан босату мәселесі.
5. ПИК-тер қызмет көрсету субъектілерімен келісім-шартқа отырмайды.



ТІРКЕЛУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Тұрғын үй иелері жиналыс өткізулері тиіс. Жиналысқа тұрғындардың кемінде 51 пайызының қатысуы міндетті. Яғни тұрғын үйде 100 пәтер бар деп есептесек, жиналысқа кемінде 51 пәтер иесі қатысуы керек және қабылданған шешімді кемі 26 меншік иесі қолдауы тиіс. Кейін жиналыста тиісті үй кеңесінің мүшелері сайланады. Ол 3 адамнан кем болмау керек.

Кеңес құрылған соң, МИБ төрағасы немесе серіктестік басшысы сайланады. Тиісті шешім қабылданған соң, хаттама толтырылады. Мүлік иелері бірлестігі төрағасы хаттаманы алып, әділет органдарына тіркеледі. Осыдан соң, төраға екінші деңгейлі банктен ағымдағы (текущий) және күрделі жөндеуге деп екі есепшот ашады.

МИБ ТӨРАҒАСЫНЫҢ МІНДЕТІ

Көп қабатты тұрғын үйді басқарудың жоғары органы үш жылға сайланатын және кемінде үш адамнан тұратын үй кеңесі (ҮК) болады. ҮК үйді басқару және ортақ мүлікті ұстау бойынша ай сайынғы және жыл сайынғы есептерді қарайды, пәтер иелерінің жалпы жиналысын ұйымдастырады, тиісті хаттамаларды ресімдейді. Кез келген адам басқарушы бола алады. Ол үшін міндетті шарт – біліктілікті арттыру курстарынан өту және арнайы сертификат алу.

МИБ басшысы есепті кезеңнен кейінгі айдың оныншы күніне дейін электрондық құжат түріндегі есебін көппәтерлі тұрғын үй пәтерінің иелеріне немесе жалдап отырған тұрғындарға жеке ұсынады. Онда тұрғын үйдің ортақ мүлкіне жұмсалатын шығыстарға жатпайтын қосымша шығыстар да көрсетілуге тиіс. Яғни, меншік иелерінің көппәтерлі тұрғын үйдің ортақ мүлкін пайдалану, жөндеу жұмысы мен өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жер телімін, үйдің ортақ мүлкін күтіп ұстау, тұтынған коммуналдық қызметтерінің ақысы, жалдамалы менеджердің (төрағаның) еңбекақысы, төлемдер кіреді.

Тұрғындар өз МИБ-терін ұйымдастырып, құра алмаса олар 1 жылдың ішінде міндетті түрде жиналыс өткізіп, бірлестік немесе жай серіктестік құру туралы шешім қабылдауы тиіс. Қандай да бір қиындық туындаған жағдайда

жергілікті атқарушы органдар көмектесе алады. Мамандардың айтуынша, егер тұрғындар жай серіктестік формасын таңдаса, олар бірлесіп шешім қабылдау мен өз міндеттерін орындауға жауапты болады. Сондай-ақ бірлескен жұмысты үйлестіретін сенімді адамды да сайлап алып, оған сенімхат жазып беруі керек. Кейін сенім білдірілген адам МИБ төрағасы сияқты жұмыс істей алады.

Айта кетейік, «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» мен АҚ Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің өзара ынтымақтастық туралы жасалған меморандум шеңберінде МИБ төрағалары, жай серіктестіктің сенімді тұлғалары, көппәтерлі тұрғын үйді басқарушылар мен күтіп ұстау жөніндегі компаниялар үшін біліктілікті арттыру курстары қарастырылған.

Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық саласындағы көппәтерлі тұрғын үйді басқару және күтіп-ұстау бойынша мамандардың біліктілігін арттыру бағдарламасы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры Е.Сыдықовпен келісіліп, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Б.Атамқұловпен бекітілген. Біліктілікті арттыру курстары онлайн режимде өтеді, оқу ақысы – 35 мың теңге. Байланыс телефондары: 8701-522-5588, 8701-999-59-56



МИБ

1. Әрбір үйде басқаруды жүзеге асыратын, күтіп-ұстауды қаржыландыратын және оның сақталуын қамтамасыз ететін тек белгілі бір үйдің тұрғындары ғана кіреді.
2. Әрбір үйдің басқару мекемесі болады.
3. Әрбір үйдің өз есеп шоты болады. Жинақталған қаражатты нақты сол үйлерге жұмсауға мүмкіндік береді, ашықтықты қамтамасыз етеді.
4. Басқару функциясын МИБ-тен тұрғындардың шешімі бойынша жалдамалы жеке тұлғаларға немесе басқарушы компанияларға беру мүмкіндігі бар.
5. МИБ тек қызмет көрсету субъектілерімен келісім шартқа отырады.



ӨЗГЕЛЕРДІҢ ӨМІРІНЕ САЛҒЫРТ ҚАРАМАЙЫҚ!

» Нұр-Сұлтан қаласы Сарыарқа ауданының ПБ ЖПҚБ жеке құрамымен Нұр-Сұлтан қаласында карантиндік шараларын енгізілу аясында қала тұрғындары арасында COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында іс-шаралар жалғасуда.

Өздеріңізге белгілі, 5 шілдеден бастап полицейлер, санитарлық дәрігерлер мен әкімдік өкілдері жергілікті рейдтік шаралар өткізіп жатыр. Сонымен қатар, мекемелердің қожайындарына және азаматтарға қатаң шектеулі карантиндік шараларды сақтау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Сарыарқа ауданының ПБ ЖПҚБ жеке құрамы полициясы қоғамдық тамақтану орындары, дүкендер мен моншаларды аралап, кезекті рейдтік-тексерулерін жүргізген кезде карантиндік талаптарды сақтамаған жағдайлардың үстінен шықты.

2020 жылдың 5 шілдесінен бастап қазіргі күнге дейін Сарыарқа ауданы бойынша карантин шараларының талаптарын бұзудың 100-ден аса фактілері анықталған, оның ішінде 26 факті жеке тұлғалармен жасалған, яғни маскларды кию бойынша міндетті талаптарды сақтау фактілері. Карантин шаралары талаптарын бұзу фактілері көбінесе кәсіпкерлік субъектілерінің арасында орын алуда, кейбір жеке кәсіпкерлермен аталған талаптар дөрекі бұзылуда. Атап айтқанда, 09.07.2020 жылы тексеріс барысында Байсейітова көшесі, 114-үйді орналасқан «Зекен ана» дүкенінен Нұр-Сұлтан қаласының бас мемлекеттік санитарлық дәрігері қаулысының талаптарын бұзу фактісі анықталған. Тексеріс нәтижелері бойынша жинақталған материал Нұр-Сұлтан



қаласының ТҚҚСБ департаментінің аудандық басқармасына ҚР ӘҚБтК-нің 425-бабы бойынша шара қолдану үшін жолданды. Алайда жоғарыда аталған «Зекен ана» дүкенінің әкімшілігі анықталған бұзушылыққа қарамастан, карантиндік шаралар талаптарын бұзудың жалғастырылған. Яғни осы жылдың 13, 15, 16 шілде күндері «Зекен ана» дүкенінің әкімшілігі карантин талаптарын бұзғандығы анықталды. Аталған талаптарды сақтамағаны үшін аталған дүкеннің әкімшілігі Нұр-Сұлтан қаласының ТҚҚСБ департаментінің аудандық басқармасымен ҚР ӘҚБтК-нің 425-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 230 АЕК айыппұл салынды.

Сонымен қоса, Сарыарқа АПБ ЖПҚБ қызметкерлерімен бірге Прокуратура, жергілікті атқару органдары, Нұр-Сұлтан қаласының ТҚҚСБ департаменті қызметкерлерінен құралған екі мобильдік топпен Сарыарқа ауданы бойынша санитарлық нормаларды сақтауды және дәрі-дәрмектерді бекітілген бағадан жоғары бағамен сату фактілерін анықтау бойынша іс-шаралар өткізілуде. Қазіргі күнге дейін мобильдік топтармен дәрі-дәрмектерді бекітілген бағадан жоғары бағамен сату бойынша 11 факті және медициналық заттарды (маскілер, антисептиктер және т.б.) заңсыз сату бойынша 16 факті анықталған. Анықталған фактілер бойынша жинақталған материалдар Нұр-Сұлтан қаласының Мемлекеттік кірістер департаментіне және Нұр-Сұлтан қаласының ТҚҚСБ департаментінің аудандық басқармасына тиісті шара қолдану үшін жолданған.

Қазіргі уақытта Нұр-Сұлтан қаласы Сарыарқа АПБ жергілікті полиция қызметі Нұр-Сұлтан қаласының бас мемлекеттік санитарлық дәрігері қаулысының талаптарын сақтауды бақылау бойынша іс-шараларды жалғастыруда.

Марат ӨМІРБАЕВ,
Сарыарқа аудандық полиция басқармасының жергілікті полиция қызметі бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі

» Жоба қоғамдағы қақтығыс, жанжалдардың санын азайтуға және татуласудың тиімділігін түсіндіруге бағытталған. «Даусыз әлем» дауларды татуласу, келісімге келу, медиация арқылы және партисипативтік рәсімді қолдана отырып шешу мүмкіндігін көздейді.

«ДАУСЫЗ ӘЛЕМ» ЖОБАСЫ ҚАНАТ ҚАҚТЫ

Жоба шеңберінде татуластырушы-судья сотқа дейінгі тәртіппен реттелмеу себебінен елорда соттары қайтарған талап арыздар бойынша арыздың және ұйғарымның көшірмесін электронды түрде Татуласу орталығына жолдайды. Бұл арада тараптарға дауды шығын шығармай, татуласу арқылы шешу мүмкіндігін пайдалану құқығы қоса түсіндіріледі.

Елорда тұрғындары медиатор, адвокат және психологтың тегін кеңесін Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан Татуластыру орталығында ала алады. Індет тырнағына ілінген осы уақыт аралығында азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіпті барынша төмендетуге және сот төрелігіне қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында республика соттары қашықтан жұмыс жасауға көшіп, барлық істер инновациялық технологияларды қолдану арқылы онлайн режимде қаралып жатыр.

Карантин режиміне қарамастан электронды арыз саны да, онлайн сот отырыстары да азайған жоқ. Жұмыс жүктемесі өзгеріссіз. Дей тұрғанымен, сотқа арыз тапсырып, кейіннен дау-дамайды ортақ мәмілеге келу арқылы шешіп жатқан тараптар да аз емес. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, карантин режимі енгізілген наурыз айынан бастап бүгінге дейін елордалық азаматтық істерді қарауға мамандандырылған соттарда 166 іс татуласу келісімімен, 756 іс медиативтік келісімге келумен аяқталған. Ал апелляциялық сатыда 22 іс бойынша татуласу рәсімдері қолданылған. 4,5 айдың ішінде қала соттарында мыңға жуық азаматтық іс дауласушы тараптардың татуласуымен аяқталған.

Маңыз беріп айтуға тұрар бір мәселеге тоқталсам, заң аясында дауды шешудің баламалы тәсілдері ретінде

медиативтік, партисипативтік рәсімдер және татуласу келісімі қарастырылады. Яғни екі тараптың ерікті түрде медиатордың көмегіне жүгінуімен дауды медиация көшірмесін электронды түрде Татуласушы тұлғалар арасында шарттары өзара келісілген азаматтық-құқықтық келісім-шарт жасасуы арқылы татуласу келісіміне келуге болады. Сондай-ақ, екі тараптың адвокаттарының қатысуларымен тараптар арасындағы келіссөздер жүргізу нәтижесінде партисипативтік рәсімді де қолдануға әбден болады.

Алайда партисипативтік рәсімді қолдану арқылы аяқталып жатқан дауларды кездестірмейсіз. Оған көрсеткіш күә. Әлеуметтік желіде де бірқатар адвокаттардың сөздер жүргізу нәтижесінде партисипативтік рәсімді де қолдануға әбден болады. Осы арада заңмен шегеленіп белгіленген, тараптардың даулы мәселені уақыты мен қаражатын үнемдеп, өзара достық қарым-қатынасты сақтай отырып шешуге мүмкіндік беретін партисипативтік рәсімді қолдану құқығын неге қолданбасқа деген сұрақ еріксіз ойға келеді.

Заңнамаға енгізілген татуласу рәсімдерінің барлығы да дауларды шешудің жаңа мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Кезінде дала заңымен қара қылды қақ жарған билер де жауласқан екі жақты бір мәмілеге келуге шақырып, дауды бітімгершілікпен аяқтауға тырысқан. Дау туындаған жағдайда соттасудың жолдарын емес, моральдық және материалдық ауыртпалық келтірмейтін татуласудың мүмкіндіктерін қолданғанымыз абзал.

Ботагөз БАЯНОВА,
Нұр-Сұлтан қаласы сотының ақпараттық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы

12,4 МЛН ТЕҢГЕ АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

» Нұр-Сұлтан қаласының Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті жеке тұлғалар мен кәсіпкерлік субъектілері Қазақстандағы және Нұр-Сұлтан қаласындағы коронавирус инфекциясына байланысты эпидемиологиялық жағдайға қарамастан, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнаманың талаптарын сақтамайтынын мәлімдеген.



«Қалалық департаменттің аумақтық басқармалары 5 шілдеден бастап жеке тұлғалар мен кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты қатаң шектеулі карантин

шараларын сақтамағаны үшін жалпы сомасы 12 472 220 теңге әкімшілік құқық бұзушылық туралы 50 хаттама жасады» делінген хабарламада.

ЗАҢҒЕР КЕҢЕСІ



Оқырмандар сауалдарына «Elorda Aqparat» ЖШС заңгері **Әсет ҚАЙЫРХАН** жауап береді.

ӨТЕМАҚЫ ТАЛАП ЕТЕ АЛАМЫН БА?

– Әуе тасымалы желісі бойынша тоқтатылған рейс үшін ақшаны қайтаруға қанша уақыт қажет екенін айта аласыз ба? Олар билет құнын қайтаруға уәде берді, дегенмен мен олардың рейске екі сағат қалғанда ескерткеніне қарамастан, күту мен рейстің тоқтатылғаны үшін өтемақы талап ете аламын ба? Өйткені менің жоспарым өзгерді, сол мезетте шұғыл түрде басқа әуе компаниясынан билет сатып алып ұшуға мәжбүр болдым.

– Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиациялық қызмет туралы» ҚР 2010 жылғы 15 шілдедегі №339-IV Заңының 86-бабына сәйкес, егер рейс тасымалдаушының кінәсінен он сағаттан артық мерзімге тоқтатылған жағдайда тасымалдаушы:

1. жолаушыны билетте көрсетілген бағытқа келесі рейспен тасымалдауды қамтамасыз етуге;
2. жолаушыға билеттің толық құнын

қайтаруға міндетті.

Осылайша, егер тоқтатылған рейс он сағаттан артық болса, сіз тоқтатылған рейске билеттің толық құнын қайтаруға құқығыңыз бар.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 567-бабының 1-тармағына сәйкес тасымалдаушы Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану

Сағатхан СЕРІКБАЙ, елорда тұрғыны

және авиациялық қызмет бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны, жолаушыға қызмет көрсеткен кезде Тасымалдаушының кінәсінен рейстің тоқтатылуы немесе кешігуі, әуе кемесінің кеш келуіне байланысты рейстің тоқтатылуы, тасымалдау бағытын өзгерткен жағдайда екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.



АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ – ӨМІР СҮРУ ҚАҒИДАСЫ

(Жалғасы. Басы газетіміздің №85,86 сандарында)

ОН ТӨРТІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Абай бұл сөзіндегі ой толғауын жүрек деген адам денесінің ең қадір тұтатын мүшесі мен жүректі кісі, батыр кісі деген адамзат ардақтысының іс әрекетін шендестіреді.

Адамдар бір-бірімен амал-айла арқылы қарым-қатынас жасаса, онда жүрек далада қалады. Ондай кісі жүрек қасиеттерін пайдаланбақ емес. Оларға жүрек сезім шаттығын сезінуге емес, тек қана қан айдап тұратын, дәрет шығарып тұратын бір дене мүшесіне айналып кетеді.

Жүрек сезіміне бой алдыра алмайтын жандар: ғашықтық, мейірбандық, кешірімшілдік, бауырмалдық секілді адамды адам түріне келтірер, ағайынды ағайын түріне енгізер қасиеттерден ада болмақ.

«Жүрекке бағынбай амал-айлаға бағынып кеткендер сол қасиеттерден айрылады, олар басқалардың азғыруы мен марапаттауына көнгіш болмақ» дейді Абай.

Бұндай адамдардың жалпы адам пенделерінде кездесіп тұратынын Абай білмеген жоқ. Білді. Сондықтан да Ескендір дастанындағы Ескендір патша образын әлгі қасиеттерден ада етіп сомдаған. Ескендір басқалар сезімімен санаспайды. Ол тұқымдастар тек қана өз басына абырой, өз атына атақ іздейді.

Абай сондайлар үшін төмендегі жолдарды жазған болар.

Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма?

Бір бес күннің орны жоқ аптығарға.

Қай қызығы татиды қу өмірдің Татуды араз, жақынды жат қыларға?

Абай осылайша толғана барып: «...Әйтпесе Құдайға терістіктен, не ар мен ұатқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі, тәуір жігіт түгіл, әуелі, адам ба өзі?» дейді.

ОН БЕСІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Абайдың осы сөзін, дәлірек айтсақ осы даналық ақылын әр ошақ басы шаңырақ астындағы бар балаға жаттатып, әр күні кешке қарай баланың ата-анасы «Абайдың он бесінші қара сөзі не деуші еді?» деп сұрап отырса ғой, шіркін. Сонда жеті жасар жеткіншек: «Егерде есті кісінің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айына бір, өзіңнен есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?» деп тақылдап тұрса!..

Әрине, өмірдің қызығы көп. Талай адам басқаларға өз қызығын ұсынып жатады. Өмірді қызықтау барлық адамға тән қасиет. Бірақ бұл тірлікте ылғи басқа біреудің қызығын қызықтасқаннан гөрі өз тындырған шаруанды қызықтаған қызықтырақ екенін ескерткіміз келеді. Егер сіз бір шаруаны өте жақсы тындыра алатын болсаңыз, онда сіз тек қана сол шаруамен айналысқаныңыз жөн. Сіздің шеберлікпен, махаббатпен тындырған сол шаруаңыз өзіңізге де, басқаларға да қуаныш сыйлайтын болады.

«Өмірден өз орнын табу» деп осыны айтады.

Өмірге қызығу, өз қызығыңды басқаларға ұсыну, осыларды істей жүріп өзіңнен-өзің есеп алып отыру, міне Абай дананың бізге қалдырып отырған мұрасы, «өзі өлсе де, өлді деп есептетпейтін» сөзі. Абай:

Өмірдің алды – ыстық, арты – суық,

Алды – ойын, арт жағы – мұңға жуық.

Бұл өмірдің қызығы махаббатпен,

Көрге кірсең, үлгілі жақсы атақпен.

Арттағыға сөзің мен ісің қалса, Өлсең де, өлмегенмен боласың тең.

Абайдың осы сөздері, өлең сөздері осы қара сөз жалғасы іспетті. Жас шағында өмір дегеніміз қызық пен ойын, сауық пен сайран секілді. Сені ылықтырады. Егер ақыл жетіп өзіңді-өзің тежемесең, есеп алмасаң онда өмірдің арты – суыққа, мұңға айналады екен.

«Бұл өмірдің қызығы махаббатпен» дейді Абай. Абайдың айтып отырған махаббаты қай махаббат? Біздіңше өзіңнің өмір мақсатыңды анықтап алып, сол жолда елге істемек қызметіңе деген махаббат. Сол ісіңе жақсы махаббатпен сүйсіне кіріскенде ғана сен «көрге жақсы атақпен кіре аласың». Сонда ғана артыңда ісің менен сөзің қалмақ, сондай кісі өлсе де өлмегендей...

Абай махаббаты жөнінде ой саларлық тағы бір шумағын келтірейік:

Кеше бала ең, келдің ғой талай жасқа,

Көз жетті бір қалыпта тұра алмасқа.

Адамды сүй, Алланың хикметін сез,

Не қызық бар өмірде онан басқа?!

ОН АЛТЫНШЫ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Он алтыншы сөз, Абай қара сөздерінің ішіндегі ең қысқасы екен. Бұл сөз әр пенденің Алла тағала алдындағы міндеті жөнінде. Адамдардың өз діні алдында (басқа тілді болған жағдайда) тілін жаттықтыруы қажеттігін, көп дінді ортада жүрсе дінін таза ұстауы, ойлануы, үйренуі қажеттігін естеріне түсіреді.

Абайдың өз оқушыларына меңзеп отырған тіл жаттықтыру, үйрену атты тапсырмалары бірден-ақ түсінікті секілді. Құран сөздерін дұрыс айту үшін, тіл жаттықтыру, түсініксіз сөздер мағы-



175
Абай Құнанбайұлының мерейтойы

насын дұрыс түсіну үшін, арнайы жаттығуларды қажет етері сөзсіз.

Ал дінін таза ұстау, ол туралы ойлану тапсырмасының астарында не жатыр? Біз көп жағдайда бұл сөздерге мән бермей, Абай сөздерін көңілмен емес, көзбен оқып өте беретін секілдіміз. Абай солай боларын ерте байқаған. Дінді таза ұстау – бұл күнде барлық діндар адамдардың бас ауруына айналатын мәселе болғалы тұр. Арабстанда қанша мемлекет бар, біздер үшін дін тану жолында соншама жол бар болып шықты.

Әлем бойынша, мұсылман дінінің бір ортақ институты ашылып, сол орталық барлық мұсылман елдерінің ерекшеліктерін ескере отырып, барлық сұрақтар бойынша бір ортақ шешімдер мен тезистер шығарып, дінімізді, сол арқылы бізді бірітұтас күшке айналдырар кез де туар. Үміт те ақталар.

Біздер, қазақстандық мұсылмандар, сол күнге дейін, барлық талас тудырып жататын дін тазалығы туралы сұрақтар бойынша шешімді еліміздің діни басқармасының ыңғайында шешкеніміз дұрыс болар еді деп ойлаймыз.

Нағыз діндарлар, қай дінде болғанына қарамай, кісі қызыққандай таза жандар деп ойлаймыз. Адамға солар санасындай санамен, сондайлар сенімімен Жаратқанға құлшылық етуден асқан ләззатты нәрсе жоқ та болар.

Санасы мұсылман жанның Құдайға құлшылық ету сәті, бес уақыт намазы – өмірден ерекше өз үлесін алатын кезі.

Абайдың Құдайға құлшылық деген сөзін оқи отырып, менің өз санама ерекше әсер еткен бір оқиға түсіп отыр. Жасы тоқсан бестегі бір науқас қарт кісінің көңілін сұрауға бардым. Әлгі қарт: «Бүгін тәуірмін. Сайын, мені сүйемелдеп тұрғызып жіберші. Үш күн оқи алмадым, намазымды оқиын, сағынып қалдым ғой!» деген еді.

Абайдың жалпы адам балаларынан Жаратқанға сенімі, қандастары мен қарындастары қазағынан талап етіп отырғаны осындай құлшылық.

ОН ЖЕТІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма?

Бір бес күннің орны жоқ аптығарға.

Қай қызығы татиды қу өмірдің Татуды араз, жақынды жат қыларға?

Абай осылай деген екен бір өлеңінде. Татумен араздасуға, жақынымен жат боларға бұл тірліктің еш қызығы татымайтынын, тіршілік қызығы бірлікте екенін мысал арқылы түсіндіреді.

Абай қайрат, ақыл, жүрек үшеуін айтыстырады. Үшеуінің таласын тыңдап: «Қайрат, сенің адам баласына тигізер пайдаң да көп, залалың да соншалық. Ақыл, барлық адам жақсылықты да, жамандықты да ақылмен істейді. Егер таза ұстаса, ізгі қылықты болса, үлкеннен ұяттатын, кішіге рахым еткізетін, жақсылыққа сүйіндіретін – жүрек!» дейді, үшеуінің дауларын шешуге сөз алған ғалым.

Біз Абайдың осы мысал аңызын оқып отырып түсінгеніміз – әр түрлі адамдар түгілі, бір адам басындағы қасиеттердің де бір-бірімен ниеттес бола бермейтіндігі.

Ғалым әлгілерге, үшеуің бір болып, ізгі ниетті жүрек айтқанына бағына өмір сүрсендер – өздеріңнің иелеріңді бақытты етесіңдер деген тұжырым жасайды.

Біздің қосымша айта кетеріміз, сіздің ішкі дүниеңізді мүмкін замандастарыңыз танымас, мойындамас. Сіз атақты бола алмауыңыз да мүмкін. Бірақ сіз өзіңіз Абайдың адамшылық стандартына шақталып, қайратыңыз бен ақылшыңызды ізгі жүрегіңізге бағындыра өмір сүріп, еңбек етсеңіз, ой ойлап, сөз сөйлесеңіз, өзіңізді өзіңіз іштей мақтап, «Мен Абай армандаған адамдаймын!» дей аласыз.

Абай адамдарды қандай түрде көргісі келеді, міне, он жетінші сөздің басты міндеті осыны анықтап беру болса керек. Ойшыл бабамыз дегеніне жеткен секілді.

Абай, қайраты мен ақылын ізгі жүрекке бағындыра жұмыс істеген адамды, басқаларға үлгі тұта: «Табанының топырағы көзге сүртерлік – қасиетті адам!» деп баға береді.

Абайдың осы қара сөзіндегі асыл ойды ақыл таразысына салып қарасақ «қасиетті кісі» дәрежесіне жетуге әр кімнің де мүмкіншілігі бар секілді.

ОН СЕГІЗІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Абай бұл сөзін халық арасында «кербез» атын таратуға тырысатындарға арнапты. Өзіне табиғат бермеген сәнді қолдан жасамақ болып әлекке түсетіндерді, кедейлігін жасырып, бар болып көрінуге тырысатындарды сөз етеді. Бұл сөздер бар тірлігін отбасына, өз басына пайдалы еңбекке емес, әркімге еліктеуге тырысып, қор болатындарды ойлай отырып жазылған секілді.

...Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен озым дегеннің бәрі де – ақымақтық.

Бұл – Абай сөзі. Абай – ойы.

Орынсыз кербездікке құмарларды тек қана Абай емес, басқа адамдар да көрмей жүрген жоқ, көріп жүр. Бірақ олар «ақымақсың» деп айта алмайды, өйткені олар Абай емес.

Абай ғана айта алған. Абай солар үшін жаны күйгесін айттып отыр. Жаны күйген Алласын қарғардың кебі ғой...

Абай қара сөздері өлеңдерімен үндестік тауып толығып отырады:

Бір ғылымнан басқаның бәрі бекер асқанға,

Өйткен адам жолығар кешікпей-ақ тосқанға, – деп келетін өлең жолдары жоғарыдағы сөзімен толық қабысады.

Абай бұл сөзінде адамның ішкі жан дүниесін байытуға күш салады.

Сайын НАЗАРБЕКҰЛЫ,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері

(Жалғасы бар)

Мұстафа Шоқай өмірін көп жылдардан бері зерттеп келе жатқан ғалымның бірі Стамбулдағы Мимар Синан университетінің профессоры Әбдіуақп Қараның түрікше, қазақша, кейін француз тілдерінде «Мұстафа Шоқай. Өмірі. Күресі. Шығармашылығы» деп аталатын еңбегі шықты. Ғалым былай деп жазады: «Мен өзім зерттеулерде бейтарап болуға, М.Шоқайды жан-жақты көрсетуге тырыстым. Дегенмен «бұл кісінің олқылықтары, кемшіліктері жоқ па» деп, өзім зерттеулер барысында бұл жағына да салмақ салып іздедім. Бірақ зерттеуші ретінде, өкінішке орай деймін, ондай мәліметтер таба алмадым. Бірақ ұлттың перзенті ретінде, қуанышқа орай деймін, М.Шоқайдан бір кемшілік те таба алмадым. Адамгершілік жағынан ешқандай кемшілік жоқ. Былайша айтқанда, М.Шоқай – түркі мұсылман халықтарының асыл қасиеттерін бойына сіңірген ұлы тұлға. Онымен қалай мақтансақ та болады».

Мақаланы жазу барысында М.Шоқайға қатысты архив қорындағы тек бірқатар құжаттарға ғана тоқталдық. Бұдан басқа, түрік, неміс, ағылшын, француз, шағатай тілдерінде жазылған құжаттар жеткілікті. Оның бірнеше тілді жетік меңгергенін осыдан байқауға болады. Мысалы, М.Шоқайдың «Китайский Туркестан» мақаласы орыс тілінде жазылған. Мақала машинкада басылып, күні «15/ХІІ-1932» деп көрсетілген. Мұстафа Шоқай «Қытайлық Түркістан деп әдетте «Синь-Цзянь» провинциясын атайды (бұл сөздің дәл қытайша аталуы «Чинг-Джанг» - «Tching-Djang») аудармасы «жаңа облыс», «жаңа провинция» деген мағынаны білдіреді» деп жазады. Бұл атау Ресей Құлжаны Қытайға қайтарғаннан кейін берілген. Автор Ресейдің жаулап алған Құлжаны қайтадан Қытайға қайтаруын отарлау саясатымен байланыстырады. Яғни, Ресей Құлжаны көтерілістердің өзі жанадан отарлап жатқан Түркістан аумағындағы көтерілістерге ұласып, өршіп кетуінен қорқып осындай қадамға барды дейді. Ол кезде қазіргі Түркіменстан, Хиуа хандығы әлі де жаулап алынбаған еді, Қоқан хандығы да болған еді. Құлжаны қайтарған соң, Патшалық Ресей бірқатар сауда жеңілдіктеріне ие болып, бүкіл Батыс Қытай жерінде – Ұлы Қытай қабырғасы мен Монғолияға дейінгі аймақта салықсыз еркін сауда жасауға рұқсат алғандығы және Құлжаны иелену мен оны ұстап тұруға кеткен шығынды өтейтін 5 миллион рубль көлеміндегі ақшалай төлемге ие болғандығы бізге тарихтан мәлім. Сондай-ақ автор Синь-Цзяньда халық санының 5 миллионнан асатынын, оның ішінде түркі тектес мұсылмандар 75 пайызды құрайтынын, қалған бөлігі – қытайлар, монғолдар екендігін айтады. Өкінішке орай, мақала аяқталмай қалған, қалған беттері жоқ.

БАРША ТҮРКІНІҢ ТӨЛ ПЕРЗЕНТІ

» XX ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясының ең жарқын өкілдерінің бірі, аса көрнекті саяси қайраткер, жалынды публицист, аудармашы, жазушы Мұстафа Шоқайдың еңбектері мен жеке құжаттары қазіргі таңда кітапханалар мен архивтерден орын алған. Сондай құжаттардың бір шоғыры: мақалалары, хаттары, суреттері және ол жөніндегі естеліктер Нұр-Сұлтан қаласындағы ҚР «Ұлттық архиві» мекемесінің №83 қорында сақтаулы тұр.

Келесі құжат Мұстафа Шоқайдың Аяз-Исхакиге арнап жазған хаты. Ол 1934 жылдың сәуір айында «Яш Түркістанның» 53 шығарылымында жарияланады. Бұл түрік тілінде жазылған хат 1979 жылы Анкарада шыққан «Muhammed Ayaz Ishaki. Hayati ve faaliyeti» деген кітапқа енген. Қазір Ұлттық архив қорында хаттың көшірмесі сақталған. Мұстафа Шоқай хатты Аяз Исхакиге Жапонияда қастандық жасалған кезде жазған. Аяз Исхаки Мұстафаның досы. Ол – татар ұлттық қозғалысының көшбасшысы, қоғам қайраткері, жазушы, публицист. 1917 ж. қарашада Қазан, Уфа, Орынбор губернияларының территориясын қамтыған Еділ-Орал автономиясын құруға қатысып, оның сыртқы істер жөніндегі департаментін басқарған. Кеңес өкіметі Еділ-Орал автономиясын құлатқан соң 1919 ж. Польшаға эмиграцияға кеткен. 1928 жылдары Берлинде, 1934–1938 жылдары Манчжурияда, Кореяда, Жапонияда, араб елдерінде, Финляндияда болады. Бұл елдерде татар эмигранттарының ұйымдастыру бойынша жұмыстар атқарады. 1934 жылы Токиода жапон тілінде «Еділ-Орал» атты кітабын шығарады. М.Шоқай Аяз Исхакиге жазған хатында «Токиода сізге бірнеше бұзақылардың шабуыл жасағанын мен терең таңданыспен және жеккөрушілікпен естідім деп жазған.

Келесі құжат бойынша 1937 жылы 2 қарашада М.Шоқайдың «Le Temps» газетінде жарияланған «Le Japon et les musulmans» мақаласына орай редакцияға жолдаған түсіндірме хаты былай деп басталады «Сэр Директор, 31 қазан күні «Le Temps» газетінің 8-бетінде Токио туралы «Жапония және мұсылмандар» атты жаңалықтар жарияланды, ол «кеңестік Түркістан босқындарының басшысы эмир Құрбанғали» деген сөйлемнен басталады. Сэр Директор, Түркістан ұлттық комитетінің өкілі ретінде сізге мынаны хабарлауға рұқсат етіңіз». Әрі қарай Құрбанғали мырзаның Түркістан ұлттық қозғалысына ешқандай қатысы жоқ екендігі айтылады. Құрбанғалидың эмір (аксүйек) емес, кезінде Орынборда қарапайым молда болғандығы, оның Жапония протекторлығында мұсылман мемлекетін құру әрекеті Ниппонның Орталық Азия мұсылмандарына ықпал етуі үшін ештеңе жасай алмайтындығынан жүзеге аспайтындығы, сондай-ақ



саяси көзқарасы жағынан оның монархист екендігі, сол себепті ресейлік ультрамонархистердің көмегімен оның «үлкен мұсылман мемлекетін құру әрекетіне ешкім сенбейді» деп жазады. Расында да, М.Шоқайдың айтықаны дәл келіп, мұсылман мемлекетін құру идеясы іске аспайды. Бұл М.Шоқайдың саяси көрегендігінің бір ғана дәлелі. Мұстафа Шоқай баспасөз беттеріндегі Түркістанға қатысты шыққан мақалалардың бәрін қалт жібермей оқып, оған өзінің лайықты, дәйекті жауабын беріп отырған. Хаттың соңында «Мұстафа Шоқай ұлы. Түркістан ұлттық үкіметінің бұрынғы президенті және Түркістан ұлттық комитетінің өкілі» деп жазылған.

Келесі құжатта М.Шоқайдың 1926–1939 жж. аралығындағы халық санағының нәтижесі, Түркістан жеріндегі өзгерістер туралы жазған мақаласы берілген. XX ғасырдың 20–30-жылдарында Кеңестік Қазақстанның демографиялық тарихы өте күрделі болды. Осы кезде әлеуметтік аласапыран өзгерістер – ұжымдастыру, көшпелілерді зорлықпен отырықшыландыру салдарынан туындаған ашаршылық пен эпидемиядан халық саны күрт азайды. 1926 және 1939 жылдарда өткен халық санақтарының материалдары осы нәтижені көрсетеді. 1926 жылы 17 желтоқсанда Кеңес Одағы аумағын түгел қамтыған тұңғыш санақ өтеді. М.Шоқай өзінің мақаласында (1939 ж. М.Шоқай. Түркістан Республикасы жөніндегі мәліметтер) Қазақстан, Қырғызстан,

М.Шоқайдың ұлт азаттығы үшін күресте ақпарат құралын ең басты қару ретінде пайдаланғанын архив құжаттары растайды. Баспасөз беттерінде оның түркі халықтарының бірлігі, жаңадан орнаған Кеңес үкіметінің отаршылдық саясаты, жер, ұлттың азаттығы мен бостандығы мәселелеріне байланысты көптеген мақалалары жарық көрген. Мұстафаның жан-жақты білімдарлығын, қаламгерлігі мен саяси көрегендігін мойындаған эмиграциялық баспасөз редакциялары оған есіктерін ашық ұстаған.

Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан Республикаларын «Түркістан халықтары» деп атап, олардың республика болып құрылған кезеңдеріне, жер аумағына, 1926–1939 жж. аралығындағы халық санағының нәтижелеріне, басты қалаларына сипаттама береді. М.Шоқайдың дерегі бойынша, 1926 жылдың 17 желтоқсан айында өткен халық санағында Қазақстандағы халықтың саны – 6 073 979, ал 1939 жылдың 17 қаңтарында өткен санақ бойынша халық

саны – 6 145 937. Халықтың саны небәрі 1,2 пайызға өскендігін көрсетеді. Оның ішінде қалада тұратындар саны – 1 706 150, ауылдық жерде тұратындар саны – 4 439 787. Басты қаласы Алма-Ата, ондағы халықтың саны (1939 ж. халық санағы бойынша) 230 528 деп көрсетілген. Ұлтжанды азамат әрі қарай былай деп ашына жазады: «Обратите внимание на этот ничтожный процент увеличения населения Казахстана за истекшие годы от переписи 1926 г. по переписи 1939 г. 12 лет. Численно это увеличение выражается в 71 958. И это, несмотря на то, что за это время Советское правительство переселило из внутренней России в Казахстан около полумиллиона русских мужиков. Следовательно коренное население – турки-казахи сильно уменьшилось в числе. Это происходит из-за систематического голода, которому подвергается коренное казах-турское население выселяемое Советским правительством в интересах русского переселения, с своих населенных мест». Демограф ғалым М.Тәтімов өзінің еңбектерінде «1926–1939 жылдардағы екі санақ аралығында Қазақстан халқы 36,7 пайызға кеміді» деп жазған болатын.

М.Шоқайдың ұлт азаттығы үшін күресте ақпарат құралын ең басты қару ретінде пайдаланғанын архив құжаттары растайды. Баспасөз беттерінде оның түркі халықтарының бірлігі, жаңадан орнаған Кеңес үкіметінің отаршылдық саясаты, жер, ұлттың азаттығы мен бостандығы мәселелеріне байланысты көптеген мақалалары жарық көрген. Мұстафаның жан-жақты білімдарлығын, қаламгерлігі мен саяси көрегендігін мойындаған эмиграциялық баспасөз редакциялары оған есіктерін ашық ұстаған. Орыс, өзбек, ағылшын, француз, неміс, поляк, түрік және араб тілдерін жақсы меңгерген саясаткер газет-журнал мақалаларын өзі редакциялаған. Өзі журнал, газеттер шығарған. Архив қорындағы «М.Шоқайды еске алу. Дүниеден өткен соң бір жылдан кейін. 27 желтоқсан 1942 жыл» деп аталатын құжатта (түрік тілінде): «Түркі тарихының ұлы тұлғаларының бірі Мұстафа Шоқайдың дүниеден өткеніне бір жыл болды. Осыған орай, марқұмның әр түрлі уақыттар мен жағдайларда түскен суреттерінің кішкене бөлігі жарияланады. Осылайша, осы ұлы түркіні көре алмаған немесе білмейтін адамдар қандай да

бір дәрежеде оның өмірі мен келбетін елестете алады...» дей келе, М.Шоқайдың өзі шығарған газет-журналдары мен басқа да басылымдарда жарық көрген мақалаларына шолу жасалады. Қарастырып отырған құжаттың соңында «1919 жылдан бері Түркістаннан тыс жерде жұмыс істеген Мұстафа Шоқай өзінің қызметінің күрделі қиын кезеңінде және ұлттық істері басталған кезде, 27 желтоқсанда Берлинде қайтыс болды, оның мүрдесі марқұм Мехмед Талаат-паша жерленген Берлиндегі түрік-ислам зиратына қойылды» деп жазылған.

М.Шоқайдың өзінің журналистик-публицистік жолын «Бірлік туы», «Улуғ Түркістан» басылымдарынан бастағанын, «Йени Түркістан», «Яш Түркістан», «Түркістан» журналдарының негізін қалап, олардың қалыптасып, дамуына барынша еңбек сіңіргенін білеміз. «Яш Түркістан» журналы М.Шоқайдың публицистік-редакторлық, ұйымдастырушылық қабілетін танытқан ең көрнекті туындысы болды. Журнал бірнеше түркі тілдес және мұсылман мемлекеттеріне тараған. Бір көңіл аударарлық мәселе, М.Шоқай негізін қалаған журналдардың барлығы Түркістан атауымен байланысып жатқандығы.

Мұстафа Шоқайдың өмірін, саяси қызметі мен шығармашылығын зерттеген профессор Әбдіуақп Қараның айтуынша, «біз қазір М.Шоқайдың бейнесін ашып қана отырмыз. Өйткені, бұл туралы зерттеулер әлі толығымен басталған жоқ. Және де бұнымен аздаған адам айналысып келеді. Бұл кісі басқа Алаш қайраткерлеріне қарағанда көп жұмысты қажет етеді. Себебі, бұл кісі шетелге кеткен. Францияда болған. Деректер жан-жақта шашылып жатыр. Соған кейін олардың көбісі әр тілде. Атап айтсақ, француз, ағылшын, неміс. Оған кейін «Яш Түркістанның» өзі бір бөлек. Оны өздері шағатай тілі дейді. Сондықтан бұларды зерттеу үшін аз емес, көп адам керек. Әсіресе, менің айтарым, «Яш Түркістанды» жақсы зерттеуіміз керек. «Яш Түркістанда» М.Шоқайдың тек таңдамалы мақалалары ғана аударылған». Ғалымның айтуынша, Мұстафа Шоқай бейнесін 21-ші ғасыр биігінен қарап отырып та әлі толығымен тани алған жоқпыз.

Қалай болғанда да, жұмыс жалғасуда және көп ұзамай ұлы тұлғаның мұрасы тарихи отанына толық көлемде оралады деген үміт бар. Құжаттарға қарап, М.Шоқайдың бүкіл идеялары бүгінгі күні де өте өзекті деп айта аламыз. Оның «Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп-дамыды, жеміс береді» деген сөздері әрбір қазақ баласына «Тәуелсіздігінді қадірле, ұлттық мүдделер үшін қызмет істе» дегендей бағыт-бағдар беріп тұр.

**Ажар ЕРМШОВА,
ҚР Ұлттық архивінің
жоғары деңгейдегі білікті
маманы-архивисі**

Қазақ жұртының жайсаң азаматы, Қазақстан спортының жарқын жұлдызы Жақсылық Үшкемпіров 2 тамыз күні 70 жасқа қараған шағында жарық дүниеден өтті. Қазаға байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев марқұмның жақындарына көңіл айтты. Спорттың жекпе-жек түрлері бойынша қазақ спортшыларынан тұңғыш Олимпиада жеңімпазы Жақсылық Үшкемпіров қазақ елінің спортшы қауымынан бірінші болып «Қазақстанның Еңбек Ері» жоғары мәртебесіне ие болған еді. Белгілі журналист Қыдырбек Рысбекұлының әлеуметтік желідегі атақты спортшының өмірін ерліген мөлтек сырын жариялауды жөн көрдік.



ЖОЛЫ ЖАРҚЫН ЖАҚСЫЛЫҚ

«Бір жапырақ кеудесіне бүкіл қазағын сыйғызған Жақсылық ағатайым Жаратқан иеміздің құзырына қайтыпты. Жанарымыз жасқа шыланды. Көкіректі мұнар шалды. Жақсылық ағатайым ұлтының тарихындағы ірі тұлғаның бірі ғой. Ол кісінің басынан өткен мына бір сәттерді қайта жаңғыртып көрейікші.

ЖЕҢС БАР, ЖОЛДАМА ЖОҚ

1975 жыл Жақсылық үшін сәтті болды. Қолтоқпақтай ғана қазақ балуаны КСРО халықтарының спартакиадасында жеке-дара шықты. КСРО чемпионатының алтын медалі де Жақсылыққа бұйырды. Үшкемпіров классикалық күрестен (қазір грек-рим күресі) Кеңес одағының спартакиадасы мен чемпионатын ұтқан тұңғыш қазақ балуаны екенін ескерсек, бұл табыстың бәсін ұғу қиына түспейді.

Бұған дейін екі жыл қатарынан одақ чемпионатының жүлдегері атанған Жақсылық көкейінде енді Олимпиада ойындарына, әлем чемпионатына барсам деген арман отыр тұтанды. Себебі, 1976 жылы Монреаль олимпиадасы өтеді. Спартакиада мен одақ чемпионатының «алтынын» қатарынан қанжығаға байлаған Үшкемпіров жетпіс бестегі әлем чемпионаты мен Монреаль олимпиадасына барудан бірден-бір үміткер еді. Оның үстіне, спартакиада бітісімен КСРО құрамасының аға жаттықтырушысы Виктор Игуменов: «Осы бабынан таймаса, Монреаль олимпиадасына Жақсылық барады» деген.

Жетпіс бестегі әлем чемпионаты екі-үш айдан кейін Минскте өтті. Бұл сынға әлемнің үш мәрте чемпионы Владимир Зубков қатысты. Жарайды, бапкерлер алқасы тәжірибелі тарланға сенім артты, Зубков төртінші рет топ жарды.

Жетпіс алтындағы Еуропа чемпионаты Ленинградта өтті. Жақсылық тағы да құрамадан тыс қалды. Бұл жолы Ресей құрамасының бас жаттықтырушысы Геннадий Сапуновтың шәкірті Алексей Шумаковтың жолы болды.

АҚШ-тағы Әлем кубогынан тағы сырт қалды. Көкейде күмән бой көтерген. Бірінші нөмірлі балуанның үш бірдей ресми бәсекеге ілікпеуі жақсылықтың нышаны емес. Яғни, одақ құрамасының бапкерлері Монреальға мұны апармайды. Бапкерлердің сөзі жай алдаусырату ғана.

УКРАИНАДА АТАҢНЫҢ БАСЫ БАР МА?!

Дәл осы тұста Украина жаттықты-

рушылары қолқа салды. «Бізге ауыссаң, Монреальға барасың. Үй, көлік, бәрі шешіледі. Қазіргі стипендиядан екі есе артық жалақы аласың». Жақсылық кәдімгідей толқиды. Үй мен көлік өзінде де бар. Керегі – Олимпиада жолдамасы.

Украиндардың «сәлемін» көп жыл «Қайрат» қоғамын басқарған Қабыш Омаров ағасы естіп қойыпты. Бір күні ойда-жоқта салып-ұрып жетті. Келген бойдағы залда тер төгіп жүрген інісін айнаның алдына алып барды да: «Қарашы, сен кімге ұқсайсың?» деді. «Мен әжемнің баласымын. Әжеме ұқсаймын». «Сен дұрыстап қара, қай ұлтқа ұқсайсың?» «Қазақпын, аға! Оны неге сұрадыңыз?» «Қазақ болсаң, Украинада атаңның басы бар ма?!» Жақсылық қысылғанынан жерге кіріп кете жаздады... «Ал, бара ғой Киевке. Бар! Сен оларға уақытша ғана керексің. Сіңбейсің оларға, сіңірмейді. Ертең спортты доғарған соң ешкімге керексіз боп, далада қаласың. Сонда өзінді алақанына салып, әлпештеп өсірген туған еліңе қай бетіңмен қарайсың?!»

Украина мәселесі осымен тәмам болды.

БІР ЖАПЫРАҚ...

Олимпиада жолдамасы көзден бұл-бұл ұшқан. Жақсылық қатты торықты. КСРО құрамасындағы үзеңгілестері «терпеливый Жак» атаған жігіттің төзімі әбден шегіне жеткен. Содан талайлардың қолы жетпей жүрген КСРО құрамасына үш ай ат ізін салмай, Алматыда жатып алды.

Бір күні ойда-жоқта республикалық спорт комитетінің төрағасы Аманша Ақбаев мұны мәшинесіне отырғызып алып, Қазақстан Компартиясының орталық комитеті орналасқан зәулім боз үйге бір-ақ тартты. Бұларды Дінмұхаммед Қонаевтың көмекшісі Дүйсетай Бекежанов күтіп алды. Мұндайды күтпеген Жақсылық кәдімгідей қобалжиын деді.

Ақбаев бастап екеуі атшаптырым кабинетке қадам басқан. Төрағаның соңынан ілескен балуанның тізесі дірілдеп қоя берді. Сан майданда сыр бермеген жүрегі кеудесін жарып шығардай, бұлқына соғады. Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы Дінмұхаммед Қонаев қарағайдай боп қызмет үстелінің қасында тұр екен. Ауыр ой құрсауында екенін тұнжыраған қабағы айтып тұр.

Екеуінің сәлемін қабыл алған Қонаев жұдырықтай Жақсылыққа төбесінен төне қарап:

– Әй, Аманша, чемпионның осы ма? Өзі бір жапырақ қой, мына денесімен қалай күреседі?, – деді Ақбаевқа қарата.

– Дінмұхаммед Ахметұлы, өзі кішкентай болғанымен, күшті балуанымыз осы! Осы жігіттен бірдеңе шығады. Батаңызды беріңіз!

– Ә-ә, жарайды, отырыңдар, – деді Қонаев орындығына жайғасып жатып.

– Ал, Жақсылық, мен күніне төрт сағат ұйықтаймын. Кезінде Өзбекстанға кеткен аудандарымыз бар. Соны қайтару керек. Мына жақтағы игеріп жатырмыз. Қой басын елу миллионға жеткізу міндеті тағы тұр. Малшы ауылдарға қаншама жол, қаншама электр жарығын тартып жатырмыз. Күні-түні елімді, жерімді ойлаймын. Ата-бабадан аманат байтақ жеріміз бар. Мен Брежневпен (Кеңес одағының бас хатшысы) күнде сөйлесіп отырамын. Елімді сақтап, көркейтіп, өркендету үшін ол кісімен дос болуым керек. Осының бәрі маған оңай дейсің бе? Ал, сен неге жаттығуға бармай жүрсің. Қазаққа Олимпиада чемпионы керек! Сені болады деп жатыр ғой. Қазір кезек тимесе, енді төрт жылдан кейін тиеді. Дұрыстап дайындал! Мен сені қадағалап отырамын. Тек әділдік болсын! Таза болсаң, барасың.

– Жарайды, түсіндім, ата, – деді Жақсылық қапелімде аузына басқа сөз түспей.

– Өзіңе не керек, пәтерің бар ма?
– Бар.
– Мәшинен бар ма?
– Бар. Бірақ тозып қалып еді...
– Әй, Аманша, Жақсылыққа мәшине бер! – деді Димекен Ақбаевқа қарап.

– Ал, енді сен дайындал.
– Жақсы, ата, – деп Жақсылықлып етіп орнынан тұрды.

Сол мезет Жақсылықтың тұла бойы ду-ду етіп, мыңға жалғыз шабардай шабынып тұр еді.

...1980 жылы 29 жастағы Жақсылық Үшкемпіров Мәскеу олимпиадасында топ жарса, 1981 жыл 30 жасында әлем чемпионы атанды, ал, 1982 жылы 31 жасында Әлем кубогын қанжығаға байлады. Бұл спортшылық жасы ұлғая бастаған тұстағы ең ақырғы үш мүмкіндік еді. Жақсылық зарығып зорға жеткен сол үш мүмкіндікті қалт жібермей, қағып түсті.

Мәскеу олимпиадасынан олжамен оралған Жақсылықты туған халқы әлпештеп алақанына қондырды. Ал, Дінмұхаммед ағасы чемпионды «Бір жапырағым!» деп еркелеткен екен.

ЕҢБЕКТЕН БАҚЫТЫН ТАПҚАН

«...Қариялар азайып бара жатыр» деп Мұқағали Мақатаев жырлағандай, дария көңілді қарияларымыздың бірі Социалистік Еңбек Ері Сагила Есенжолова өмірден өтті, деп хабарлайды Елорда ақпарат.

Сагила Абдрахманқызы 1942 жылдың 20 қарашасында Ақмола облысы Целиноград ауданы бұрынғы Киров атындағы ауылда (қазіргі «Көктал») қарапайым шаруалар отбасында дүниеге келген. Сұрапыл соғыс кезінде өмірге келген барлық балалар сияқты оның да еңбекке ерте араласуына тура келді. 13 жасынан бастап Целиноград ауданы Киров атындағы колхозда жұмыс істеді.

Ал 1957-1977 жылдар аралығында осы шаруашылықтың сауыншысы болды. 1977 жылы зооветеринарлық техникумының мал шаруашылығы бөлімін сырттай аяқтаған соң Киров атындағы совхозда сүтті-тауарлы фермасының бригадирі болып тағайындалды.

Жұмыс кезінде ірі қара малды будандастыруға ерекше назар аударды. Әр ісіне мығым, жұмысына тиянақты болып, өзінің міндетін адалынан атқаруының арқасында Сагила Абдрахманқызы шаруашылықта одан әрі жандандыра түседі.

Қажырлы еңбегі ақталып, соның нәтижесінде марапаттан да кенде қалмайды. 1981 жылғы 19 ақпанындағы КСРО Жоғарғы Кеңес Төралқасының Жарлығымен 1980 жылы социалистік міндеттемелерін онының бес жылдықта жоспарлардан асыра орындау және қол жеткізу сияқты өзінің көрнекті жетістіктері үшін оған «Социалистік Еңбек Ері» атағы Ленин орденімен қоса тапсырылды.

Сондай-ақ Сагила Есенжолова «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталып, «Қазақ КСР еңбегі сіңген ауыл шаруашылық жұмыскері» атанған. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Қазақстан Компартиясының XV съездің делегаты болып сайланған.

Сонымен қатар 2006 жылдың 21 маусымында Ақмола облысы Целиноград ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосқаны үшін және ерекше еңбегі үшін Сагила Абдрахманқызына «Целиноград ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді.

«Өзім соғыс басталған жылда дүниеге келіп, одан кейінгі кезеңдерде көрген азды-көпті қиыншылықтарымыз бен еткен еңбегімізге қарай, өкімет біздерді соғыс ардагерлеріне теңестірілгендер қатарына қосты. Ал еңбек жолымызды мал шаруашылығы саласында бастап, осы салада ұзақ жылдар істеп, зейнетке шыққандықтан, айран-сүт мәселесіне қатысты білетіміз аз емес. Ақиқатында да Кеңес заманында құрғақ сүтті тек жануарларға ғана беретінбіз. Әсіресе, бұзау мен шошқаның торайларына үлестіретін. Өзім осы өңірдегі шаруашылықта ұзақ жылдар тер төктім. Тіпті, сауыншылардан бір тәулік



ішінде 12 тонна сүт қабылдап, оның жартысын қалаға әкеп тапсыратынбыз» деген Сагила Абдрахманқызы көзі тірісінде тілшілерге берген сұхбаттарының бірінде.

Бұрынғы бейнетінің зейнетін көріп, ғибратты ғұмыр кешіп, ұлды ұяға, қызды қияға қондырып, ұрпақ қызығына кенеліп отырған шағында да Сагила Абдрахманқызы өзі ұзақ дамуына тілектестік білдіріп, сала мамандарына үнемі ақыл-кеңесін айтып отырушы еді.

«Жалпы, ел экономикасы көрсеткішінің бір қыры өрісте жүрген табын-табын малдарымызға тікелей байланысты екені сөзсіз. Өйткені ебін тапса, сол малымыз мінсең көлік, киіс, киім, жесең ас-ауқат екені бесенден белгілі.

Әдемі қартай білген Сагила Абдрахманқызы зейнеткерлікке шыққаннан кейін де қоғамдық шаралардан тыс қалмады. Салалы ғұмырында жинаған мол тәжірибесімен кейінгі буынға үлгі болып, білгенімен бөлісіп отыратын. Ардагерлер ұйымының белсенді мүшесі ретінде ресми жиындарда да үнемі төбе көрсетіп, өзінің пікір-пайымын білдіріп, салмақты әрі салиқалы сөзін жеткізіп жүретін.

Айта кетсек, өткен жылдың қазан айында қарттар күніне орай Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов «Социалистік Еңбек Ері» Сагила Есенжолованың үйіне арнайы барып, қазыналы қартты мерекесімен құттықтаған болатын. Қала басшысының сый-құрметіне, жылы лебізіне риясыз ризашылығын білдірген Сагила Абдрахманқызы Алтай Сейдірұлына аналық ақ батасын берген.

«Үйренейік барында құрметтеуді» деп ақын Бауыржан Игілік айтқандай, көзі тірісінде еңбегі еленіп, лайықты құрметке ие болып, халықтың ыстық ықыласына бөленген Социалистік Еңбек Ері Сагила Есенжолова 78 жасқа қараған шағында қасиетті Құрбан айт қарсаңында келместің кемесіне мініп, бақилыққа аттанды.



Өмірдің қилы шырғалаңына түскен Сара ата-анадан 3 қыз, 1 ұл. Жастайынан 4 бала анасыз жетім қалады. Балалық шақтары бақытты

болды деп айтуға мүлдем келмейді. Анасының жылы өтпей жатып әкесі үйленеді. Өгей ана қаталдығымен, қатыгездігінің салған жан

жаралары есейсе де жазылмаған. Денсаулығына атүсті қарағандықтан, өкпесіне суық тиіп аурухана төсегіне таңылған жеткіншек, бо-

ҚАТАЛ ТАҒДЫР КҮРМЕУІ

» Адам өмірге келген соң оның болашақ тағдыры, өмір жолының соқпағы қалай болатынын бағдарлай алмайтындықтан, түрлі жағдайларға тап болып жатады. Тұманмен тұмшаланған өткен өмірі туралы осы мақалада психологиялық кеңеске жүгінуші Сара жайлы баяндалады.

лашақтан үмітін үзеді. Орта біліммен қалып қойған Сара 2000 жылдарда Оңтүстік өңірінің бір мешітінде діни сауат ашады. Сол жылдың сәуір айында мешітте дәріс алып жүрген жігітпен танысып шаңырақ көтереді. Өмірге 1 ұл, 2 қыз алып келеді.

Жолдасы уақыт өте келе жат ағымның құрығына түсіп, күрт өзгере бастайды. Ұстанымы өзгерген жолдасы Сараға түрлі тыйымдар салып, одан басқа да ұлттық, дәстүрлі құндылықтарға да шектеулер қоя бастайды. Жақын туыстарымен, бауырларымен де қарым-қатынасына қойылған шектеулерден араларында салқындық пайда болады. Отбасылық өмірден айта

алатын естеліктері араздасу, ренжісу, түсініспеушіліктермен орын алғанын алға тартады. Қол көтеру, кемсіту, әйел ретінде бағаламаудың соңы тіпті көзіне шөп салумен аяқталған. Осы жағдайға да көніп, отбасылық өмірін балалары үшін шыдап жалғастыра берген Сара, бірнеше жылдан соң жолдасымен бір шаңырақ астында тұра алмайтынын түсініп ажырасуға бел буған. Ажырасудан кейін әке балаларының өмірі үшін жауапсыз екенін айқындап берді. Қандай да бір көмек көрсетуден бас тартады.

Ажырасудың салдары Сараға өте ауыр болғаны соншалық, өлім туралы жиі ойлай бастаған, бірақ оңалту орталығына келіп кеңес алу

арқылы ойының өзгергенін, балалары үшін өмір сүру керек екенін түсініп, әрқашан алға ұмтылатынын айтып, өз ойымен бөлісті. Отан от басынан басталатынын ескерсек, жалған діни идеяларды ұстанушылардың бейәдеп әрекеттері еліміздің болашағына кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан мемлекеттік, отбасылық, ұлттық құндылықтарды басымдық ретінде қарастыруымыз қажет. Өңгіме соңында Сараның жас балаша қимастықпен қапсыра құшақтап ұзақ тұрғаны, адамдардан әлі де болса жылулық пен мейірімділік аңсайтынын байқатады.

(Кейіпкерлердің аты өзгертілген)

Нүргүл РҮСТЕМ

ЖАТ АҒЫМҒА КІРЕТІН – КІМДЕР?

» Қазіргі таңда деструктивті діни ағымдардың таралуы дүниежүзінде ортақ өзекті мәселеге айналды. Әлем бойынша соңғы он жылдықта деструктивті діни ағымды ұстанушы адамдардың саны артуда. Ол тек діни - психологиялық мәселе емес, әлеуметтік және саяси мәселелерге айналғаны белгілі.

Деструктивті діни ағымдар, оладың іс-әрекеті, қоғамға және оның тұлғаға тікелей әсерін зерттеушілер әлі зерттеп келуде. Әсіресе, деструктивті діни ұйымның өкілдерінің тұлғалық ерекшеліктері мен олардың діни ұйымға кіруге әсер етуші психологиялық себептерін зерттеу қазіргі таңға дейін жеткіліксіз деңгейде. Кез-келген деструктивті діни ұйымның өкілдерін оңалту, бейімдеу және профилактикалық жұмыстарын жүргізерден бұрын, олардың тұлғалық факторларының негіздерін зерттеу маңызды. Онсыз кез-келген оңалту, оларды әлеуметтік қоғамға қайта бейімдеу жұмыстары тиімсіз болып табылады.

Ф.Маковек, М.Сингер және С.Эш діни манипуляциялық арбауға әкеліп соғатын тұлғаның мынадай осал тұстарынан мысал келтіреді: зардап шегуге бейімділігі жоғары, мәдени түңілу, діни сауаттылығы мен құндылықтарының шынайы жүйесінің әлсіздігі мен жоқтығы, тұлғаның тәуелділікке жоғары бейімділігі, оның барлығынан тұлғаның өзінің ішкі жағдайын бақылау мен басқара алмайтындығы айқын көрінеді, адекватты өзін-өзі бақылай алмайды (мысалы, қатты ұялшақтық), төзімділік деңгейі төмен, транс жағдайында өте сезімтал келеді.

Р. Энроттың пікірі бой-

ынша, тұлғаның деструктивті діни ағымға кіріп кетуінің негізгі факторлары болып, біріншіден, дисфункционалды отбасыдан шыққан адамдар, ол ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынас пен мейірімділігінің жетіспеушілігінен туындайды, нәтижесінде ондай отбасыдан шыққан балалар махаббат пен қолдауға қажеттіліктері жетіспейді. Екіншіден, рухани қажеттіліктің жетіспеушілігі, рухани тұрғыдан шындық ақиқатты іздейтін адамдарды деструктивті діни ағымның өкілдері өздеріне тарта бастайды.

А.Котляровтың пікіріне сүйенетін болсақ, деструктивті діни ағым өкілдері біріншіден, атақ-даңққа, билікке қызығатын тұлғаларды өзіне тарта бастайды. Оның айтуынша, әсіресе осындай типтегі тұлғалар деструктивті діни ағымның әсеріне ұшырауға бейім келеді. Билік құмар, атақ, мансап құмар тұлғалар осы иерархиялық топтан өз амбициясына жетеді деп көрсетеді. Егер, олар сол діни ұйымнан өзін-өзі өзектіндіре алмаса, яғни билікке қол жеткізе алмайтын болса, олар өздері-ақ сол діни ұйымды тастап кетеді. А.Котляровтың пікіріне сәйкес, төмендегідей мінез-құлық ерекшеліктеріндегі тұлғалар деструктивті діни ағымның әсеріне ұшырауға бейім келеді.

1. Беймаза және күмәншіл адамдар. Мұндай

адамдардың өмірі қашанда күдік, күмәнға, сенімсіздікке толы болады. Олар өзінен көп мін іздейді, сонымен қатар, қоршаған ортада күлкілі немесе керексіз болып қалудан қорқады, сол адамдардан оны бағалауын күтеді, сыртқы ортаның пікіріне тәуелді болып келеді.

2. Перфекционизмге бейім тұлғалар. Өзін сыртқы ортаға шынайы құбылысын емес, идеал ретінде көрсетуге бейім тұлғалардың негізгі ерекшелігі осы адамдар деструктивті діни ағымның әсеріне тез ұшырайды деп Котляров айтып өтеді.

3. Өзінің ішкі әлеміне терең үңілген адамдар. Мұндай адамдар көбінесе, өзінің ерекше қызығушылықтарымен жүреді және ол белгілі-бір оккультизм мен мистицизмге жақын болуы мүмкін. Бұлар, басқа адамдармен қарым-қатынас барысында, қысым мен ыңғайсыздық сезіне бастайды.

4. Инфантильді адамдар. Бұл мінез-құлық ерекшелігі тек балалар мен жасөспірімдерге қатысты емес, ересек адамдардың бойынан да көптеп кездеседі. Нәтижесінде, олар социумда жоғары идеалды адамдар жоқ деп есептеп, шынайы өмірге жанаспайтын өзіндік иллюзияларын құрып, өмір сүре бастайды.

Ал Е.Емельянованың пікірі бойынша деструктивті діни ағымның әдептілерінің негізгі тұлға-

лық ерекшеліктері ретінде олар қарым-қатынаста ортақ тәуелділік бейім (склонных созавимые отношениям) болып табылады. Сонымен қатар, оның бақылауына сәйкес, деструктивті діни ұйымның әдептілері төмендегідей ерекшеліктерге ие:

1. «Мен» концепциясын толық құрылмаған, өзіндік «Мен» бейнесін дұрыс танымайды, саналай алмайды. Оның түпкі себебін айтып өтетін болсақ, олар кішкентай бала кезінде тұлға болып қалыптасу барысында оның іс-әрекеттері мен мінез-құлқына сәйкес, теріс бағалар естіп өскен. Баланың кішкентай кезінде «Мен» концепциясының құрылуына жақын адамдар, отбасы мүшелері және олардың пікірлері тікелей әсер етеді. Егер, тұлға бала кезінен осы жақын адамдарынан дұрыс пікір естімесе, өскен кезінде деструктивті діни ұйымның мүшелері осы мүмкіндікті пайдаланып, өздерінің қармағына түсіреді.

2. Өмірде өзіндік құндылықтық бағдарлары, қызығушылықтары, мақсаты, қалауы жоқ адамдар.

3. Өзінің алдында күтіп тұрған өмірлік жауапкершіліктерден қорқу, нәтижесінде деструктивті діни ұйымның әдепті болатын болса, сол ұйымның көшбасшысына бүкіл жауапкершіліктерін артып қояды, соған тікелей бағынышты болады.

4. Өзін мүсәпір сезінеді. Деструктивті діни ұйымның мұндай тұлғаларды өздеріне тарту себептері, бұл адамдар сол ұйымда өздерін керекті адам ретінде сезінеді.

5. Өмірде қандай да бір жағдайдан көңілі қалған, сенімділік жоғалтқан адамдар. Себебі өмірлік дағдарыста жүрген адамдар бағыт-бағдарсыз болады және ерік-жігерін уақытша басқара алмайды. Мұндай адамдарды арбау өте жеңіл болып келеді.

6. Өзін-өзі дамыту мен жетілдіруге мүмкіндігі жоқ адамдар.

Жоғарыда айтылып өткен мәселені тереңірек түсіну, ұғыну үшін сол тұлғалардың сенім феноменімен байланысы бар психикалық негіздеріне үңілу қажет. 1987 жылы Лондон қаласында өткен Психоаналитиктер қоғамдастығының отырысында Антоний Суросский былай айтады: «Сенімді феномен ретінде қарастыратын болсақ, ол тек Құдаймен немесе сол саламен байланысты» деп көрсетеді. Содан кейін, он шақты жыл өткеннен кейін, Б.Братусь айтады: «...сенім ол тек Құдаймен байланысты емес, бірақ ол кез-келген адамның психикалық өмірінің механикасы мен негізіне кіретін жалпы психологиялық феномен. Сенім – ол тұлға психикасының функционалды дәлелі болып табылады. Сенім белгілі-бір дәрежеде әрбір адам баласында болатын құбылыс. Б.Братусь тұлғаның сенімге деген қажеттілігін метафизикалық қажеттілік ретінде қарастырады. Мұндағы адамның бағыт-бағдары тікелей сенімнің өзіне бағытталмаған, бір

мағынаны іздеуге бағытталған. В.Франклдың тұжырымдамасына сәйкес, адам белгілі-бір мағынаны іздеген сәтте сол істі жақсы көреді немесе өзі қызмет ететін Құдайды деп көрсетеді. Сондықтан Құдайды, ақиқатты, абсолютты іздеу адамдар үшін шынайы экзистенциалды қажеттілік болып келеді, сонымен қатар өзіндік менінің шекарасынан шығуға оятатын, фрустрациялық жағдайдан арылтады деп айтып өтеді. Адамдардың жануарлардан айырмашылығы адамның инстинктері оған не керектігін айтып отырмайды, ал қазіргі күнмен салыстыратын болсақ, дәстүрлер оған не керектігін айтып отырмайды. Соның нәтижесінде кейбір адамдар осы өмірде өзіне не керекін түсіне бермейді. Соңында адамдар, басқа адамдардың одан қалайтын немесе талап ететін нәрсесін жақсы көріп істеп кетеді. Сондықтан да діни қажеттілікті қажет ететін адамдарда деструктивті қанағаттануды қажет етеді, сиқыр, ырымға сенеді, оккультизм, астрология, нумерологияларға жүгінуші келіп тұрады, нәтижесінде деструктивті діни ұйымдарға кіріп кетеді.

Осыған сәйкес, деструктивті діни ұйымдарға тәуелділіктің пайда болуы негізі адамның сенімге және мағынаға ие болуға деген базалық қажеттіліктерінің фрустрациясы, адамның бойында діни сауаттылығының төмендігінен, нәтижесінде адамда діни сенімдегі девиация пайда болады. Әртүрлі деструктивті діни ағымдардың құрбаны болған адамдардың негізгі түпкі себептері осылар болып табылады.

Гүлжан МЫРЗАҚҰЛОВА

НҮР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Жоба

Нұр-Сұлтан қаласының стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 4-4) тармақшасына, «Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 8, 12-баптарына, «Ішкі сауда ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Нұр-Сұлтан қаласында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органына осы тармақтың 2), 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары М.Е. Бектұроваға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А. Көлгінов

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары М. Бектұрова

«Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік-құқықтық бөлімінің басшысы Ж. Шәукентаев

«Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Е. Бекмырзаев

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2020 жылғы «__»
№__ қосымша

Нұр-Сұлтан қаласында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

P/с №	Стационарлық емес сауда объектісінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Ауданы (га)
1.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Аңырақай көшесі, № 3/1 үй ауданы	Аяқ киім жөндеу бойынша стационарлық емес объектіні орналастыру, Е (НО)-0323	0,0009
2.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Аңырақай көшесі, № 3/1 үй ауданы	Дайын өнімді (сусындар, балмұздақ, фаст-фуд) сату бойынша стационарлық емес объектіні орналастыру, Е (НО)-0324	0,0009
3.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Аңырақай көшесі, № 3/1 үй ауданы	Гүл павильонын орналастыру, Е (НО)-0322	0,0009
4.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Аспара көшесі, № 1 үй ауданы	Стационарлық емес сату объектісін орналастыру (көкөністер, жемістер), С (НО)-0027	0,0009
5.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Аспара көшесі, № 2/1 үй ауданы	Стационарлық емес сату объектісін орналастыру (көкөністер, жемістер), С (НО)-0658	0,0009
6.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, Мичурино тұрғын алабы, Бастау көшесі, № 11 үй ауданы	Стационарлық емес сату объектісін орналастыру (көкөністер, жемістер), А (НО)-0694	0,0009
7.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Байқоңыр» ауданы, А. Жұбанов көшесі, № 27 үй ауданы	Стационарлық емес сату объектісін орналастыру (көкөністер, жемістер), А (НО)-0047	0,0009
8.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Д. Бағабайұлы және Жаңақоныс көшелері қиылысының ауданы	Дайын өнімді (сусындар, балмұздақ, фаст-фуд) сату бойынша стационарлық емес объектіні орналастыру, С (НО)-0371	0,0009
9.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, Қ. Сәтбаев көшесі, № 1/1 үй ауданы	Азық-түлік өнімдерін сату бойынша стационарлық емес объектіні орналастыру, А (НО)-0416	0,0012
10.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, А. Петров көшесі, № 5 үй ауданы	Стационарлық емес сату объектісін орналастыру (фаст-фуд), А (НО)-0007	0,0009
11.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Ақбидай көшесі, № 11 үй ауданы	Стационарлық емес сату объектісін орналастыру (көкөністер, жемістер), С (НО)-0013	0,0009
12.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Сарыарқа», ауданы, Жамбыл көшесі, № 71 үй ауданы	Азық-түлік өнімдерін (нан, сүт, шұжық өнімдері) сату бойынша стационарлық емес объектіні орналастыру, С (НО)-0228	0,0009
13.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Майтөбе және Тайбурыл көшелерінің қиылысы	Азық-түлік өнімдерін (сүт, нан, шұжық өнімдері) сату бойынша стационарлық емес объектіні орналастыру, Б (НО)-0193	0,0012
14.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, А. Петров көшесі, № 23 үй ауданы	Дайын өнімді (сусындар, балмұздақ, фаст-фуд) сату бойынша стационарлық емес объектіні орналастыру, А (НО)-0711	0,0009
15.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Сарыарқа», ауданы, Республика даңғылы, № 13 ауданы	Дайын өнімді сату бойынша стационарлық емес объектіні орналастыру, С (НО)-0346	0,0009
16.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, А. Пушкин көшесі, № 15 үй ауданы	Азық-түлік өнімдерін (сүт, нан, шұжық өнімдері) сату бойынша стационарлық емес объектіні орналастыру, А (НО)-0056	0,0009
17.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Байқоңыр» ауданы, А. Кравцов көшесі, № 9 үй ауданы	Стационарлық емес сату объектісін орналастыру (көкөністер, жемістер), А (НО)-0109	0,0009
18.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, Абылай хан даңғылы, № 11/1 үй ауданы	Стационарлық емес сату объектісін орналастыру (көкөністер, жемістер), А (НО)-0030	0,0009
19.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, А. Петров көшесі, № 32/1 үй ауданы	Стационарлық емес сату объектісін орналастыру (көкөністер, жемістер), А (НО)-0053	0,0009
20.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Сарыарқа», ауданы М. Әуезов көшесі, № 41/1 үй ауданы	Стационарлық емес сату объектісін орналастыру (көкөністер, жемістер), С (НО)-0295	0,0009
21.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Ж. Тәшенов көшесі, № 8/1 үй ауданы	Азық-түлік өнімдерін (сүт, нан, шұжық өнімдері) сату бойынша стационарлық емес объектіні орналастыру, А (НО)-0016	0,0009
22.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Кенесары көшесі, № 46 үй ауданы	Гүл павильонын орналастыру, Б (НО)-0027	0,0009
23.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Байқоңыр» ауданы, А. Бараев көшесі, № 15 үй ауданы	Дайын өнімді (сусындар, балмұздақ, фаст-фуд) сату бойынша стационарлық емес объектіні орналастыру, А (НО)-0012	0,0009
24.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, Тасшоқы орамы, № 3 үй ауданы	Стационарлық емес сату объектісін орналастыру (көкөністер, жемістер), А (НО)-0127	0,0009
25.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Сарыарқа» ауданы, К. Байсейітова көшесі, № 105 үй ауданы	Стационарлық емес сату объектісін орналастыру (көкөністер, жемістер), С (НО)-0552	0,0009
26.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, Қажымұқан көшесі, № 26 үй ауданы	Гүл павильонын орналастыру, А (НО)-0405	0,0024

27.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Нұржол» желекжолы, «Нұрсая» тұрғын үй кешені, № 13 және 14 үйлер ауданы	Дайын өнімді (сусындар, балмұздақ, фаст-фуд) сату бойынша стационарлық емес объектіні орналастыру, Е (НО)-0247	0,0001
28.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Нұржол» желекжолы, «Нұрсая» тұрғын үй кешені, № 13 және 14 үйлер ауданы	Дайын өнімді (сусындар, балмұздақ, фаст-фуд) сату бойынша стационарлық емес объектіні орналастыру, Е (НО)-0249	0,0001
29.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Нұржол» желекжолы	Балалардың демалысын ұйымдастыруға арналған алаңды орналастыру, Е (НО)-0195	0,0001
30.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Достық көшесі, № 11 және № 13 үйлер ауданы	Балалардың демалысын ұйымдастыруға арналған алаңды орналастыру, Е (НО)-0236	0,0001
31.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Ғашықтар саябағы»	Балалардың демалысын ұйымдастыруға арналған алаңды орналастыру, Е (НО)-0161	0,0002
32.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Д. Қонаев көшесі, № 4 үй ауданы	Дайын өнімді (сусындар, балмұздақ, фаст-фуд) сату бойынша стационарлық емес объектіні орналастыру, Е (НО)-0188	0,0001
33.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Достық көшесі, № 11 және 13 үйлер ауданы	Гүл павильонын орналастыру, Е (НО)-0238	0,0001
34.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Д. Қонаев көшесі, № 12/1 және № 14 б үйлер ауданы	Гүл павильонын орналастыру, Е (НО)-0231	0,0001
35.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Сарыарқа» ауданы, К. Күмісбеков көшесі, № 6 үй ауданы	Стационарлық емес сату объектісін орналастыру (көкөністер, жемістер), С (НО)-0337	0,0009
36.	Нұр-Сұлтан қаласы, «Байқоңыр» ауданы, А. Пушкин көшесі № 15а үй ауданы	Стационарлық емес сату объектісін орналастыру (көкөністер, жемістер), А (НО)-0106	0,0009
